

ғылыми-әдістемелік журнал науčno-методический журнал

СОҚШАҚ

Тропинка



№1 (96) ақпан 2022 жыл



*«Жан-жақты жетілген
тұлға дегеніміз —
ақыл-ойы дамыған, денсаулығы
мықты, еңбексүйер, ізденімпаз,
эстетикалық талғамы биік,
иландылықты бетке тұтқан,
адалгершілігі мол қоғамның
белсенді мүшесі.»*

А.Байтұрсынов



Evrasia_centre@mail.ru



[Vk.com/tourism.07](https://vk.com/tourism.07)



[Tourism07.kz](https://www.instagram.com/Tourism07.kz)



[Tourismzko.kz](https://www.tourismzko.kz)

ҚҰРМЕТТІ «СОҚПАҚ-ТРОПИНКА» ЖУРНАЛЫНЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫ!

Қазіргі заман талабына сай дені сау адамгершілік қасиеті жоғары, ұлттық рухы мықты жас ұрпақты тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз. Қосымша білім берудің мән-мағынасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық пен танымдық қабілетін дамытуға, кәсіп таңдауға, өмірге бейімделуге, салауатты өмір салтына тартуға, сайып келгенде бос уақыттарын мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға жағдай жасауында.

Осы бағытта Орал қалалық білім бөліміне қарасты алты қосымша білім беру орталығының қызметін айрықша атап өтуге болады. Мектептен тыс жұмыстар орталығы, Оқушылар сарайы, Д.Нұрпейісова атындағы балалар музыка мектебі, Балалар шығармашылық орталығы, С.Ғұмаров балалар көркемсурет мектебі, «Атамекен» балалар және жасөспірімдер орталығы бүгінде қала мектептері оқушыларының 30 пайызын қосымша білім қызметімен қамтып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» ретінде жариялап, «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп атап өтті. Президент атап өткен келешегіміздің сенімді кепілі саналатын жас буынның бойына рухани құндылықтарымызды сіңіру, кемел білім, тағылымды тәрбиені дарытуда қаламыздағы қосымша білім беру педагогтерінің атқарар рөлі зор. Қазіргі уақытта қосымша білім беру ұйымдары «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасын нәтижелі жүзеге асыру мақсатында спорт бөлімі бойынша – «Чемпиондар ортасы», «Ұлттық ойын – халық мұрасы», пәндік бағытта «Зерттеу алаңы», «Додалы дебат жүйірігі», «Семсер» қалалық дебат штабы, «IT – біздің таңдауымыз», көркем-эстетикалық бағытта «Bala Media», өнерге баулуда «Менің отбасым – менің мақтанышым», «Балалар шығармашылық әлемі», «Өнер ордасы», «Ұлы жібек жолындағы шығыс базар», «Екі жұлдыз» жобаларын сәтті жүргізуде. Сонымен қатар «Шашбаулым» қыздар студиясы, «Ақберен» жас ақындар мектебі, «Көшбасшылар мектебі», «Волонтерлар академиясы» жұмыс жасайды. «Бес минут», «Өзіңнен баста!» жобалары да жүйелі жалғасын тауып келеді.

Қолға алынған бастамалар жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделгенін атап өткен жөн.

Қосымша білім жүйесінде білім мен тәрбие алатын балаларға, оларға тәлім мен тәрбие беретін ұстаздарға денсаулық, бақыт тілей отырып, Республика көлемінде таратылатын «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының оқырмандары көбейіп, ұстаздар қауымының көмекшісі бола береріне өз сенімдімді білдіремін.

Қала педагогтары атынан редакцияға шығармашылық табыс, шалқар шабыт тілеймін.

Құрметпен,
Орал қаласы білім беру
бөлімінің басшысы

Ақжарқын Мүтиголлақызы
ТЕМІРХАНОВА



ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ
2003 Ж.1 ЖЕЛТОҚСАНДА №4482-Ж ТІРКЕУ
ТУРАЛЫ ҚУӘЛІКТЕ ТІРКЕЛГЕН.
ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2021Ж.24
ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЙТАДАН ТІРКЕЛДІ.

№ 1 (96), ақпан 2022 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы
әкімдігі білім басқармасының балалар мен
жасөспірімдер туризмі және экология облыстық
орталығы» (ОБЖТЖЭО)

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім
басқармасының қолдауымен жылына 6 рет
шығады.

Журналдың негізін қалаушы – **Фомин В.П.**
ХБЖТЖЭО академигі, п.ғ.к.

Шеф-редактор – **Г.И. Бекқалиев** БҚО әкімдігі білім
басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығының директоры

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрайымы – **А.Ә. Мынбаева** Батыс Қазақстан
облыстық білім басқармасының басшысы

Кеңес мүшелері:
М.С.Жұмаев – альпинизм бойынша Халықаралық
деңгейдегі спорт шебері;
Д.В.Смирнов – А.А.Остапец – Свешников
атындағы ХБЖТЖЭО президенті, п.ғ.к.;
О.Б.Мазбаев – ХБЖТЖЭО академигі, география
ғылымдарының докторы;
Е.С.Никитинский – профессор, педагогика
ғылымдарының докторы;
А.З.Абдулхаиров – доцент, педагогика
ғылымдарының кандидаты;
А.Г.Шаяхметов – ХБЖТЖЭО академигі.

Редакция алқасы:
Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының
оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;
А.Б.Мұқашева – ОБЖТЖЭО директорының
оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
К.Е.Негалиева – ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі, ХБЖТЖЭО
корреспондент мүшесі;
Р.С.Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану
және аймақаралық ынтымақтастық бөлімінің
меңгерушісі;
Н.Х.Ғатауов – ОБЖТЖЭО экологиялық туризм
бөлімінің меңгерушісі;
Р.Е.Нұрманов – ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау
бөлімінің меңгерушісі;
В.В.Мазуренко - ОБЖТЖЭО спорт және
денешынықтыру бөлімінің меңгерушісі.

Нөмірмен жұмыс жасағандар:
Қайрлиева Қ.Ж. – бас редактор
Карина Ж.М. – корректор, аудармашы
Қушекқалиев Ж.Н. – дизайн, верстка

Журнал редакциясының пікірі жарияланым
авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Журналда жарияланған материалдарды
редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым
салынады. Міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

Жазылым индексі – 75184
Мекемелер мен ұйымдарға – 25184
Редакция мекен - жайы:
090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,
Исағай батыр көшесі, 71/1
Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91
e-mail: evrasia_centre@mail.ru
www:turizmzko.kz

Форматы 210x297мм - А4, офсетті басып шығару.
Тараымы 450 дана
АК «Кокше-Полиграфия» компаниясында басылған,
Ақмола обл, Көкшетау қ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрымбаев А.Ш.

«Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және
экология орталығына – 20 жыл!.....2

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

Батырханов А.Қ., Маликова Е.М.

22 боздақ – 22 тағдыр.....6

Даулеталина А.Қ.

Даңқты диқан - Шығанақ Берсиев.....13

ЭКОЛОГИЯ

Тұрлыбаев Ү.Ж.

Ертегілер сабақта.....16

Шайхиева Г.Т.

Ғасыр ағашы20

ӘДІСНАМА - МЕТОДОЛОГИЯ

Бородулин В.В., Карина Ж.М.

Туристік көпсайыс қашықтықтарында техникалық
тәсілдерді орындау23

ТУРИЗМ

Сабитов А.Т., Сарсенғалиев Е.Б.

Туризм үйірмелерінің оқу бағдарламасы.....33

СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ

Нурманов Р.Е.

«Спорттық бағдарлау» оқу құралы.....38

СПОРТ

Мазуренко В.В., Берсагуров К.А.

Двигательная активность как фактор повышения
здоровья человека.....43

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

Қыдырәлиева Г.У.

Құстар әлемін танытудың әдіс – тәсілдері.....46

Галиев Р.М.

Влияние сталинской идеологии на
общественно-политическую жизнь в Казахстане.....48

Кажғалиева Р.Н.

«Жұлдызды сәт» интеллектуалды ашық сабағы51

Сұлтан Қ.И.

«Маңғыстаунама-2021» облыстық танымдық байқауы.....54

Сарсенғалиев Ф.С.

Творческое саморазвитие педагогов в учреждениях
дополнительного образования.....60

ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР-ТУРИСТСКИЕ ВЕСТИ

Ақтөбе қалалық жас туристер стансасының ұйымдасты-
руымен Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай
өткізілген Ақтөбе облыстық жасанды шыңға өрмелеуден
облыстық ашық біріншілігі63



«Атамекен» қалалық балалар- жасөспірімдер туризмі және экология орталығына – 20 жыл!

Құрымбаев А.Ш.

«Атамекен» қалалық БЖТжЭО-ның директоры,
тарих магистрі, Ресей өлкетанушылар
одағының мүшесі, Ресей география
қоғамының мүшесі, «Үздік өлкетанушы»
төсбелгісінің иегері, Орал қ., БҚО.

Аңдатпа

Бұл мақалада «Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының 20 жылдық тарихы сипатталады. Тәжірибелі орталықтың ұйымдастыруымен көптеген жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар өткізіліп, жазғы кезде оқушыларды лагерьмен қамтуда. Туризм, өлкетану, экология бағытында мыңдаған оқушыларды оқытып, түлектер тәрбиелеген орталықтың тәжірибесі көпке үлгі.

Аннотация

В данной статье описывается 20-летняя история городского центра детско-юношеского туризма и экологии «Атамекен». Центром организовано множество походов, экспедиций, экскурсий, которые в летний период охватывают школьников летним отдыхом. Опыт центра, который обучил тысячи школьников и воспитал выпускников в направлении туризма, краеведения, экологии, является примером для многих.

Кілт сөздері: Балалар туризмі, жазғы лагерь, экология, өлкетану

«Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы (келесіде: «Атамекен» ҚБЖТжЭО, орталық) Шаған өзенінің жағасында, саяжайлар аумағында орналасқан. Кәсіпорынның балансында 220 адам сиятын 2 жатын, асхана және әкімшілік-тұрмыс корпусы бар.

«Атамекен» ҚБЖТжЭО 2001-жылы, қосымша білім беретін бейіндік, көпфункционалы мекеме ретінде ашылды. Мекеме құрылған сәттен бастап, оның ұжымы - түрлі іс-шараларға тарту арқылы, әр баланы тұлға ретінде жан-жақты дамытумен жұмыстанып келеді. Орталықтың бас қызмет қағидаты – балалардың мүддесі мен сұранысына басымдылық беру, қандай да бір іс-шараларда бағыт таңдауда, олардың ықыласы мен таңдау еркін ескеру.

Қалалық орталықтың жылнамасы 2001 жыл-

дың 10 желтоқсанындағы қалалық әкімшіліктің қаулысынан бастау алады. Тұңғыш директор Шаяхмедова Ранида Октябрьовна басқарған 2001-2002 жылдар қалалық орталықтың қалыптасуының алғашқы кезеңі болып табылады. 2002 жылы ұйымға тума талант турист, ісіне шын берілген, көптеген маңызды туристік шаралардың белсенді қатысушысы, МХБЖТжЭО-ның мүшесі, жайсаң жан - Роза Жанбулатовна Абдушева басшы болып келді. Бұндай директоры бар ұжымда ешкім қол қусырып отыра алмайтындықтан, 2002-2008 жылдары жұмыс аса қызу жүрді. Зулкашев А.Ж., Давыдова С.Н., Дмитриев А.А., Дундукова Н.Ю сынды дарынды педагог-туристер шоғыры Р.Абдушевамен бірге қоян-қолтық жұмыс жасады. Педагогтар өздері ұйымдастырған семинар-жорықтарында оқушыларды қызықты маршруттармен алып



жүрді. Осындай іс-шаралар арқылы, «Атамекен» ысылып, қалыптаса бастады.

2008-2010 жылдары орталықты басқарған Қулайша Какимжановна Нугманова, туристік ортадан шықпаса да, орталықтың жұмыс жүйесін жақсы құра білді. Біздің орталықтың туристік-өлкетану қызметінің шырқау шағы тап осы кісі басқарған кезеңге тап келді: 2010 жылдың қорытындысы бойынша, ОБЖТЖЭО-ы өткізген ТӨҚ-нің (Облыс бойынша туристік өлкетану қызметінің) рейтингісі бойынша екінші орын иеленді. Бұл – тұтастай алғанда, Орал қаласының балалар туризмінің табысы болғаны сөзсіз. Осы «алтын дәуірде» қызмет еткен Мендыбаев Р.Б., Ажғалиев Н.Ш., Кравец В.А., Дмитриев А.А., Зулкашев А.Ж., Коршунова В.Н. сынды көрнекі педагогтар оқушылармен бірге қызық та, күрделі шараларды өткізіп жүрді. Мысалы, «Орал өңірінің шағын өзендері» атты экологиялық-өлкетану экспедициясы аясында Көшім, Деркөл, Шаған өзендері бойымен күрделілігі бірінші категориялы жорықтар жүзеге асырылды. Жүзеге асқан өзге де маршруттар ішінен «Орал маңын шарлау», Садовское көлі мен Бортауға жасалған жорықтар шоқтығы биік болып, ерекшеленіп тұрады. Педагогтар өз шәкірттерін Орал қаласынан тыс маршруттарға да, мысалы «Орал-Чапай», «Коловертное-Мерген», «Төңкеріс-Орал» су жорықтарына да алып барып жүрді.

2010-2020 жж. аралығында біздің орталықты М.А. Сенғалиев, А. И. Будник, А.А.Есенов, Ж.Н. Сакенов сынды балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастырушылары басқарды. Бұл кезең - мекеменің материалдық-техникалық базасының нығаюымен, ауқымының кеңеюімен, туристік-

өлкетану қызметінің деңгейінің өсуімен сипатталады. Мысалы, 2018 жылы орталық базасында тұңғыш рет қосымша білім беру педагогтарының біліктілігін арттыру бойынша республикалық курс ұйымдастырылды. Осы жылы «Әдеби Орал» халықаралық ғылым-практикалық конференция өткізілді. «Атамекен» ҚБЖТЖЭО 2015-2020 жж. аралығында «Жайық өзені бассейнінің жағасы таза, көршілік ынтымақ берік болсын» атты Халықаралық экологиялық экспедициясына белсенді қатысты. Ұйым «Білім. Туризм. Интеграция.» халықаралық форумына белсенді ат салысты. 2021-жылы орталық басшысы болып тарих магистрі, Орыс география қоғамының мүшесі Курумбаев А.Ш. тағайындалды.

2011 жылғы су тасқынынан кейін жүргізілген қалпына келтіру жұмыстарынан соң, қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында тасқыннан зардап шеккен корпус тар күрделі жөндеуден өтіп, жаңадан екі қосқабатты мекенжай корпус салынды.

Қазір оқушылармен - Равилова Г.А., Жукалина Е.В., Дмитриев А.А., Давыдова С.Н., Кравец В.А., Зулкашев А.Ж., Самаркина А., Усачева Е., Пархоменко В.Н., Мендыбаев Р.Б. сынды қосымша білім беру педагогтары мен өзге де балалар туризміне шын берілген мамандар жұмыс жасауда.

«Атамекен» орталығы қызметінің экологиялық, өлкетану бағытының ұйытқысы, қозғаушы күші болып жүрген М.К. Мурзағалиев сынды ұйымдастырушы туралы өз алдына жеке тоқталғымыз келеді. Ол көптеген мәселелер, бағыттар бойынша ережелер, әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі. М.К.Мурзағалиевтің басшылығымен, ғылыми-зерттеу, жобалау және

іздістіру жұмыстары жанданып, олардың нәтижелері «Шырақ» байқауының үш турында қорытындыланып жатыр. «Атамекен» орталығы белсенді ат салысқан «Каспий аймағына арналған жасыл пакет» акциясының тірек мектебі - №23 ЖОБМ болды.

Орталықта 2016-жылдан бастап шығарып келе жатқан ғылыми-танымал және әдістемелік «Педсовет» журналында, қала мен облыстың үздік педагогтары тәжірибе алмасады.

Қазіргі шақта «Атамекен» ҚБЖТЖЭО педагогикалық ұжымы «Туристік – өлкетану әдіс-құралдары арқылы тұлғаның коммуникациялық біліктілігін дамыту» тақырыбы бойынша жұмыстануда. Оны жүзеге асыру үшін Орал қаласының 32 мектебінен 59 қосымша білім беру педагогтері тартылды. 103 үйірмеде 1533 оқушы тәлім-тәрбие алууда.

Осы баяндалған жайттардың арқасында, «Атамекен» ұжымы соңғы үш жылда тәуір көрсеткіштерге қол жеткізіп жүр. Мысалы, 2019 жылы «Экология және жасыл экономика көшбасшысы» атты Республикалық ұлттық байқаудың «Үздік экомекеме» аталымы бойынша бірінші орын мен қомақты ақшалай сыйлықты жеңіп алды. 2017-2019 жылдан бері Орталықтарды абаттандыру бойынша облыстық байқаудан бірінші орында. 2017-2020 жылдары арасында спорттық бағдарлау бағыты бойынша облыстық жарыстарда жеке және командалық

есеп (жетекшісі Жукалина Е.В.) бойынша бірінші, екінші орындарды жеңіп алды. 2019 жылы БЖТЖЭО «Жайық толқыны» облыстық өлкетану фестивалында жалпыкомандалық есеп бойынша (жетекшісі Бектыбаева С.Т.) екінші орынды иеленді.

«Атамекен» ҚБЖТЖЭО жыл сайын, орта есеппен алғанда, жиырма бес бұқаралық шараларды өткізіп, облыстық және республикалық деңгейдегі жиырмадан аса шараларға қатысып жүр.

Балалар лагерінің тарихы, Шаған өзенінің жайқалған жағасында балалар демалысына арналған корпусар салынған, сонау 1937 жылдан бастау алады. Биыл жазғы балалар лагеріне 85 жыл толады! «Атамекен» жазғы сауықтыру лагері жыл сайын Орал қаласының, сондай-ақ, Атырау, Ақтөбе, Ақсай қалаларының, еліміздің өзге де аумақтарының оқушыларын құшақ жая қарсы алады. Жазғы сауықтыру лагерінің бағдарламасы – ауқымды да, алуан, қызық та тартымды болып құрылған. Және ол жыл сайын жаңғыртылып, құрамына: «Мультляндия», «Ертегіде қонақта», «Көңілді старттар», «Қанеки, танысайық» сынды қызық шаралар енгізіліп тұрады. Балалар - Орталық мәдениет және демалыс саябағына, жүзу бассейніне; «Урал», «Белое солнце» сауық орталықтарына барып тұрады. Ауысым біткен соң, лагерьде болған кезеңі есте қалуы үшін, фотоальбомдар алады. 2017-2019 жылдары «Ата-



мекен» жазғы сауықтыру лагерінде тиісінше - 1150, 1500, 1219 оқушы демалды. Демалған оқушылардың басым көпшілігін әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ оқу үлгерімі үздік оқушылар құрады. 2021-жылы жазғы демалыспен 759 оқушы қамтылды.

«Атамекен» басшылығы жасаған алдағы төрт жылға арналған Даму бағдарламасында келесі басым бағыт, міндеттер қарастырылған:

- Қосымша және жалпы білімнің ұшастырылуы;
- «Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығын модернизациялау және оның негізінде туристік бренд қалыптастыру;
- Алға қойған мақсат-міндеттерді жүзеге асыра алатын кадр мәселесін шешу;
- Материалдық базаны нығайту;
- Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- Мерзімдік басылым шығару;
- Маршруттық-біліктілік комиссия жұмысын ұйымдастыру;
- Үйірме жұмысымен қамтуды арттыру;
- Жартасқа өрмелеу құрылғысын (скалодром) салу және тау туризмін дамыту;
- Спорттық бағдарлауды дамыту және модернизациялау;
- Кадр дайындау және олардың біліктілігін



арттыру.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда біздің басты мақсатымызға - қазақстандықтардың жаны да, тәні де сау жас буынын, Отанымыздың шынайы патриоттарын қалыптастыру ісіне лайықты үлес қосуымызға септігін тигізеді.





Батырханов А.К.
Өлкетанушы, М.Маметова
мемориалдық музей-үйінің
директоры, Орал қ., БҚО

22 боздақ - тағдыр



Маликова Е.М.
М.Маметова атындағы
№ 27 мектеп-лицейінің
7 «а» сынып оқушысы,
Орал қ., БҚО

Аңдатпа

Мақалада автор Сталинград майданының маңыздылығын ашқан. Екінші дүние жүзілік соғыста айыптылар ротасында жазаларын өтей жүріп, шайқас алаңында қаза тапқан 22 боздақ туралы мұрағаттардан табылған құжаттарды жариялаған. Жұмысты «Боздақтар» кітабын толықтыруға, қосымша білім беру педагогтарына сабақтарға, зерттеу жұмыстарына пайдалануға болады.

Аннотация

Автор в статье раскрывает значимость Сталинградского фронта. Опубликованы материалы, найденные в архивах о 22 бойцах, которые отбывали наказание в роте обвиняемых и погибли на поле боя во Второй мировой войне. Материалы можно использовать на занятиях педагогам дополнительного образования, а также в исследовательских работах.

Кілт сөздері: Сталинград шайқасы, «Боздақтар» кітабы, Қызыл армия

«**С**талинград шайқасы – II-дүниежүзілік соғыстағы басты шайқастардың бірі. Ол қорғаныс (1942 жылы 17 шілде – 18 қараша) және шабуыл (1942 жылы 19 қараша – 1943 жылы 2 ақпан) кезеңдерінен тұрады. 1942 жылдың жазында фашистік Германия мен оның одақтастары Еуропада екінші майданның ашылмауын пайдаланып, кеңес-герман майданының оңтүстік қанатына басты соққы беруді ұйғарды. Олар Қызыл Армияны Орелдің оңтүстігінде талқандап, Донбасс, Дон және Кубань экономикалық маңызды аудандарын алуды, Кавказ арқылы өтетін жолдарды, Сталинградты басып алуды басты мақсат етіп қойды. Жау 1942 жылдың жазында шабуылға шығып, үлкен табыстарға жетті. Тамыздың 23-інде майдан шебі Сталинградқа келіп тірелді. Сталинград бағытында Германия мен оның одақтастарының қару-жарақтың барлық түрімен жақсы жарақталған, 6 далалық армиядан құралған 14 дивизиясы тұрды. Қаланы Қызыл Армияның 62 (қолбасшысы – ген.-лейтенант В.И. Чуйков) және 64-ші (қолбасшысы

– генерал-майор М.С. Шумилов) армияларының бөлімдері қорғады. Қаланы қорғауға шұғыл түрде жұмысшы және халық жасақтары, тылдағы бөлімдер ұйымдастырылды. 1942 жылы 25 тамызда неміс әскерлері батыс жақтан Сталинград түбіне жетті. Сталинград майданы құрылып, қалаға тың күштер жіберілді. Қалаға жақын жерлерде қорғаныс шептері салынды. Бұл майданның ерекше маңызын ескеріп, Мемлекеттік Қорғаныс комитеті 12 тамызда Бас штаб бастығы генерал-полковник А.М.Василевскийді, 29 тамызда армия генералы Г.К.Жуковты көмекке жіберді. Гитлершілдер қалаға солтүстік жағынан ғана емес, оңтүстік тұстан да басып кірді. Неміс-фашист әскерлері қаланы шабуылмен алмақ болып, қатарынан төрт рет әрекет жасады. Кеңес әскерлері қыркүйектің басында екі рет қарсы шабуылға шықты, бұл қаланы қорғаушылардың жағдайын едәуір жеңілдетті. Жау әскері үлкен шығынға ұшырағанына қарамастан 13 – 15 қыркүйекте Волга (Еділ) шебінде шабуылды қайта ұдетті.

Қыркүйектің 15-іне қараған түнде қорғаушылар жағдайының нашарлағаны соншалық, әрбір үй қамалға айналып, оның әр қабаты үшін табанды күрес жүрді. 28 қыркүйекте Сталинград майданы – Дон (қолбасшысы генерал-лейтенант К.К.Рокоссовский) және Оңтүстік-Шығыс майданы (қолбасшысы генерал-полковник А.И. Еременко) болып бөлінді. Сталинградтықтар ерлікпен күресті. Кеңес әскерлерінің стратегиялық қорғаныс операциялары барысында 1942 жылы шілде мен қараша аралығында жау 700 мыңдай адамынан, 1 мыңнан аса танкісінен, 2 мыңнан аса зеңбірегі мен минометінен, 1400 әскери және тасымал ұшақтарынан айрылды. Нәтижесінде жаудың бұл бағыттағы шабуылы тоқтатылды. Кеңес әскерлерінің Сталинград түбіндегі қарсы шабуылы 1942 жылы 19 қарашада басталды. Ол үш операциямен іске асырылды: “Уран” – Сталинградтағы неміс әскерлерін қоршап алу; “Кіші Сатурн” – Сталинградта қоршауға түскен неміс әскерлеріне батыстан және оңтүстіктен келетін көмектің жолын кесіп тастау; “Шеңбер” – Сталинградта қоршауға түскен фельдмаршал Ф.Паулюстің армиясын талқандау. Бұл міндеттерді іске асыру Оңтүстік-Батыс майдан (қолбасшысы генерал-лейтенант Н.Ф.Ватутин), Дон майданы (қолбасшысы генерал-лейтенант Рокоссовский) және Сталинград майданы (қолбасшысы генерал-полковник Еременко) әскерлеріне тапсырылды. Шабуылдың бесінші күнінде Оңтүстік-Батыс және Сталинград майдандарының алдыңғы шептегі бөлімшелері қосылды. Неміс әскерлерінің 300 мыңнан астам елеулі тобы қоршауда қалды. Қоршауға түскен әскерлерді сырттан соққы беру арқылы одан босатуға ұмтылған гитлерлік командование генерал-фельдмаршал Э.Манштейннің басшылығымен “Дон” армиясы тобын құрды, ол Сталинград тобына бұзып өтуді бастады. Манштейнге қарсы Ставка генерал-майор Р.Я.Малиновскийдің 2-гвардия армиясын бұрды. Оңтүстік-Батыс және Сталинград майдандарының ойдағыдай әрекет жасауы нәтижесінде 6-ыншы және 4-інші неміс танк армиясы, 3 және 4-румын, 8-итальян армиялары талқандалды. Солтүстік Кавказда әрекет етуші неміс-фашист әскерлерінің тылына, Ростовқа шабуыл жасауға жағдай туды. 1943 жылы 10 қаңтарда Рокоссовскийдің қолбасшылығымен кеңес әскерлері дұшпанның Сталинград түбінде қоршауда қалған тобын жоюға кірісті. Қоршауда қалғандарға үздіксіз қызмет ететін әуе көпірін ұйымдастырмақ болған

әрекеттерін кеңес авиациясы іске асырмай тастады. 1943 жылы 2 ақпанда генерал-фельдмаршал Паулюс қалған әскерімен тұтқынға алынды. Осы зор шайқас 200 күн мен түнге созылды. Жау өлгені, жараланғаны, тұтқындалғаны, хабарсыз кеткендері бар 1,5 миллионға жуық солдат пен офицерінен, ал Қызыл Армия 1 миллион 130 мыңға жуық адамынан айрылды. Оған қосымша фашистер 32 дивизиясынан және 3 бригадасынан айрылып, 16 дивизиясы ауыр соққыға ұшырады. Сталинград шайқасы II-дүниежүзілік соғыстың барысындағы түбірлі бетбұрыстың басталуына негіз жасады. Неміс-фашист әскерлерінің Сталинград түбіндегі жеңілісі неміс халқына моральдық-саяси жағынан қатты әсер етті. Германия одақтастарының шығыс майданында соғысқа деген ықыластары болмады. Сталинград түбінде Венгрия, Италия және Румыния әскерлерінің жойылуы бұларға өте қатты әсер етті. Италия мен Венгрия соғыстан шығу жолдарын ойластырды. Түркия бейтараптылығын сақтап қалды. Жапония Кеңес Одағына шабуыл жасауды кейінге қалдырды. 1942 – 1943 жылдары антигитлерлік коалицияның құрамы өсіп, жау басып алған елдерде Қарсыласу қозғалысы күшейді» [1].

«Айыптылар әскери бөлімдері («айыптылар» бөлімшелері, «сынақ» бөлімшелері) - қарулы күштердің белсенді армиясының құрылуының әр түрлі күйлерінде (майдандағы, әскердегі немесе корпустағы бағынышты арнайы жеке әскери бөлімдер түрінде) соғыс уақытында жазаны өтеудің орнына «айыптылар бөлімдеріне» жіберілді - әр түрлі құрамада олар белгілі бір құқық бұзушылық жасаған әскери қызметшілер, немесе түрмеден мерзімінен бұрын босатылған қылмыстық элементтер немесе биліктің саяси қарсыластары болды.

Айыптылар әскери құрамалары

Екінші дүниежүзілік соғыс. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (1939-1945 жж.) қарсылас тараптардың әскерлерінде персоналдың ерекшеліктеріне сәйкес үш түрлі айыптылар бөлімшелері құрылды: офицерлер айыптылар бөлімдері (КСРО айыптылар батальондары), олар тәртіптік құқық бұзушылықтар немесе әскери қылмыстар жасаған және әскери трибуналдың үкімімен соғыс режимі аяқталғанға дейін жазаны кейінге қалдырумен сотталған әскери қызметтегі офицерлер құрамынан құралды. Соғыс жағдайында айыптылар батальондарына жолдау тәртіптік шара қолдану есебінде жүргізіліп, өтеу мерзімінен соң оларға бұрынғы

қызмет орнына қайта оралумен бұрынғы әскери шендері қалпына келтірілді.

1942 жылы 28 шілдедегі Сталиннің № 227 бұйрығы майдан басшылығынан талап етті: «майдан аймағында құрамында 800 адамнан бірден үшке дейін айыптылар батальондарын құруға, мұнда барлық әскер түрінен тәртіп бұзғандар, қорқақтық танытып, төзімділік көрсете алмаған орта және аға командирлер мен саяси жетекшілерді майданның қиын шебіне жіберді. Себебі оларға жасаған қылмыстары үшін Отан алдында күнәларын қанмен жууға мүмкіндік берілді.

КСРО айыптылар роталарына құқық бұзған қатардағы жауынгерлер мен сержант құрамын, төменгі және орта дәрежеде қылмыстары үшін жазасын өтеп жүргендер (аса ауыр қылмыстары үшін өлім жазасына кесілгендер мен әскерге шақырылуға болмайтын саяси қылмыскерлерден басқалары) және мерзімінен бұрын жазасын өтеу жерлерден босатылғандар Отан алдындағы күнәларын қанмен жуу үшін» [2].

«Дербес айыптылар батальоны. Қызыл Армия сапындағы дербес айыптылар батальондарына барлық әскер құрамаларында әскери қылмыс және жалпы қылмыс жасаған орта және басшылық қызметтегі офицерлер жолданды. Әрекеттегі Армиялардағы айыптылар батальондарының ережелері КСРО Халық Қорғаныс комиссарының 1941 жылғы 28 шілде күнгі № 227 бұйрығымен бекітілді. Майдан шебінде жағдайға байланысты үштен көп емес айыптылар батальондары құрылуға тиіс болды. Әр айыптылар батальонында 800 адамнан алды. Айыптылар батальондарын кадр қызметіндегі офицерлер басқарды» [3].

«Дербес айыптылар батальондарынан босатылғандарға әскери шендері мен марапаттары қайтадан кері берілді. Олар қаза тапқан жағдайда отбасыларына дербес айыптылар батальондарына жіберілгенге дейінгі әскери шені негізінде зейнетақы төлеу міндеттелді.

Дербес айыптылар роталары. Айыптылар бөлімі дербес рота дәрежесінде. Қызыл Армияда айыптылар роталарына әскери немесе жалпы қылмыстары үшін сотталған қатардағы жауынгерлер мен кіші және сержант шеніндегі басшылық деңгейіндегі әскери қызметкерлер жолданды.

КСРО Халық Қорғаныс комиссарының 1942 жылғы 28 шілде күнгі № 227 бұйрығымен Армия көлемінде жағдайға байланысты 5-10 айыптылар роталары құрылды. Әр айыптылар рота-

сында 150-200 адам болды. Айыптылар роталарын кадр қызметіндегі офицерлер басқарды» [4].

«**Альсоитов Роскали.** Туған жылы: 1904. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орда аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облсы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сармаган (құжатта солай) ауылы» [5:89-б.].

Ескертпе: Альсоитов Роскали «Боздақтар» кітабының 6 томына енген.

«**Артығалиев Төлеу** - Жәнібек ауд. туған. Қазақ. Қатардағы жауынгер. 1944 ж. қыркүйекте хабарсыз кеткен» [6:23-б.].

Ескертпе: Артығалиев Төлеу 1944 жылы қыркүйекте хабарсыз кетті деп «Боздақтар» кітабының 6 томында қате мәлімет жазылған. Ол 1942 жылы 23 қарашада Сталинград майданында қаза тапқан. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен «Память народа» сайтынан алынған дерекке назар аударайық.

«**Артығалиев Тулей.** Туған жылы: 1910. **Туған жері:** Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылдық кеңесі. Соңғы қызмет орны: 321 атқыштар дивизиясы, 5 дербес армиялық айыптылар ротасы. Әскери шені: қызыләскер. Қаза тапқан мерзімі: 23.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Клетский ауданы, Мело-Меловский поселкесі» [7:81-б.].

«**Аушанимов Сабир.** Туған жылы: 1906. Әскерге шақырылған жері: Джанкольский (құжатта солай. Жаңақала болуы мүмкін.) аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 4 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Джатахан ауданы, «Сталин» колхозы, әйелі Лушнина Кермиза» [5:87-б.].

Ескертпе: Аушанимов Сабир «Боздақтар» кітабының 3 томына енген. Соғыс жылдары «Сталин» колхозы облысымыздың Жаңақала ауданында болды.

«**Бабезаков Құлла.** Туған жылы: 1913. Әскерге шақырылған жері: Орал облысы, Джан-Арыкский (құжатта солай) аудандық әскери ко-

миссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, д. Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекен-жайы: Орал облысы, Жаңарық ауданы, «Чапаев» колхозы» [5:89-б.].

Ескертпе: Ұлы Отан соғысы жылдары Орал облысында Жан-Арық ауданы болған жоқ. Бұл жерде Жаңақала ауданы атауы қате жазылып кетуі мүмкін.

«Барадосов Шадияр. Атырау обл. Азғыр с. 1907 ж. туған. Қазақ. Жауынгер. 1942 ж. ақпанда қаза болған» [6:320-б.].

Ескертпе: Барадосов Шадиярдың жерленген жері «Боздақтар» кітабының 6 томында жазылмаған.

«Барадусов Шадляр. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орда аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 26.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Азғыр ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

«Бөкеев Әбілқәрім. Қарғалы а. туған. Қазақ. Жауынгер. 1943 ж. ақпанда қаза болған» [6:327-б.].

Ескертпе: Бөкеев Әбілқәрімнің жерленген жері «Боздақтар» кітабының 6 томында жазылмаған.

«Букуев Абинқарим. Туған жылы: 1922. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орда аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 25.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, № 88 кеңшар» [5:89 б.].

«Жақыбалиев Зейін Әжен а. туған. Қазақ. Жауынгер. 1942 ж. қарашада хабарсыз кеткен» [6:340-б.].

Ескертпе: Жақыбалиев Зейінді «Боздақтар» кітабының 6 томында 1942 жылы қарашада хабарсыз кеткен деген. Ол 1942 жылы 24 қарашада Сталинград майданында қаза тапқан. Оған РФ

Қорғаныс Министрлігінің Орталық архивінен алынған мына мәлімет жауап береді.

«Джакубалиев Дзейн. Туған жылы: 1906. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орда аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 1 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, № 88 кеңшар» [5:86 б.].

«Досиньязов Машират. Туған жылы: 1912. Әскерге шақырылған жері: Орал облысы, Янгарыкский аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекен-жайы: Орал облысы, Янарал ауданы, Куйбышев ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

Ескертпе: Ұлы Отан соғысы жылдары Орал облысында Янгарык немесе Янарал аудандары болған жоқ. Аудан атауы қате айтылып, құжатқа қате жазылып кетуі мүмкін.

«Дүйсенов Медеу 1907 ж. Тұрдығұл ауылдық кеңесінде туған. Қазақ, әскерге Жаңақала аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 ж. қаңтарда шақырылды. Қатардағы жауынгер. 1942 ж. қазанда хабарсыз кетті» [8:209 б.]. Боздақтар 3 том.

«Дюсенов Меду. Туған жылы: 1903. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 25.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекен-жайы: Орал облысы, Жаңақала ауданы, № 8 ауыл» [5:89 б.].

«Қабдошев Мағзом Кожехар а. к. туған. Қазақ. 1943 ж. қаңтарда ұрыста қаза тапқан. Помшин дер. жерленген» [9:152 б.].

«Қабдушев Мағзук. Туған жылы: 1919. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Чапаев аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айып-

тылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 23.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы Кожехар ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

«Кабитсков Ногин. Туған жылы: 1912. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы» [5:89 б.].

Ескертпе: Кабитсков Ногин «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Клышев Куртан. Туған жылы: 1923. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орал қалалық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 23.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Кирсанов ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

Ескертпе: Клышев Куртан «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Кошмагамбетов Сани. Туған жылы: 1903. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Чапаев аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 25.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы, Кожехаров ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

Ескертпе: Кошмагамбетов Сани «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Кубов Жиги. Туған жылы: 1909. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орал қалалық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино

деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Арал ауданы № 8 ауыл» [5:90 б.].

Ескертпе: Кубов Жиги «Боздақтар» кітабының 1 томына енбеген.

«Кукнузов Иман. Туған жылы: 1911. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 1 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы» [5:89 б.].

Ескертпе: Кукнузов Иман «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Мамангыр Кульпа. Туған жылы: 1903. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Қаратал (құжатта солай) ауданы, Саркөл ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

Ескертпе: Мамангыр Кульпа «Боздақтар» кітабының 5 томына енбеген.

«Садыров Мендиж. Туған жылы: 1918. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Орда аудандық әскери комиссариаты, Орда ауданы. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 4 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 25.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Қазақ КСР-і, Орал облысы, Орда ауданы, Батырбек ауылдық кеңесі, «Карл Маркс» колхозы, анасы Садырова Кунан» [5:88 б.].

Ескертпе: Садыров Мендиж «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Сафаров Курал. Туған жылы: 1919. Әскерге шақырылған жері: Орал аудандық әскери комиссариаты, Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 26.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлин-

ский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Хорезм облысы, Чурлин ауданы, «Киров» колхозы» [5:89 б.].

Ескертпе: Сафаров Курал «Боздақтар» кітабының 2 томына енбеген.

«Сургай Иван Савельевич. Туған жылы: 1916. Әскерге шақырылған жері: Орал қалалық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Харьков облысы, Краснокут ауданы, Любавка ауылы» [5:89 б.].

Ескертпе: Сургай Иван Савельевич «Боздақтар» кітабының 2 томына енбеген.

«Шарыпов Айжбеждан. Туған жылы: 1915. Әскерге шақырылған жері: Фурман аудандық әскери комиссариаты, Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 6 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 23.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты. Мекенжайы: Орал облысы, Фурманов ауданы, Фурманов ауылдық кеңесі» [5:89 б.].

Ескертпе: Шарыпов Айжбеждан «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Шукаев Унайбай. Туған жылы: 1924. Әскерге шақырылған: Чкалов аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 1 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград обл., Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино ауылындағы бауырластар зираты. Мекенжайы мен туысы: Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, № 13 ауыл» [5:86].

Ескертпе: Шукаев Унайбай «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Әлжанов Куат. Туған жылы: 1905. Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала аудандық әскери комиссариаты. Әскери шені: қызыләскер. Соңғы қызмет орны: 120 атқыштар дивизиясы, 1 айыптылар ротасы. Қаза тапқан мерзімі: 24.11.1942. Жерленген жері: Сталинград облысы, Иловлинский ауданы, Панышинский ауылдық кеңесі, Панышино деревнясындағы бауырластар зираты» [5:86 б.].

Ескертпе: Әлжанов Куат «Боздақтар» кітабының 6 томына енбеген.

«Вермахта соғысынан кейінгі адам шығыны шамамен алты миллионды құрады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, КСРО мен Германия арасындағы қайтыс болғандар саны 7.3 : 1. Осыдан КСРО-да 43 миллионнан астам адам қаза тапты деген қорытынды жасалады. Бұл сандар КСРО-да 16,9 миллион, Германияда 2 миллион адамның қайтыс болғанын көрсетеді.

... КСРО билігінің соғыс кезіндегі қаза тапқандар санағы келмейді. Соғыс аяқталғаннан кейін Сталин шамамен жеті миллион адам мерт болды деген есепті қабылдады. Бірақ, Батыс халқы жеті миллион адамның өлгеніне сенбеді және бұл фактіні жоққа шығара бастады. Ал Сталин қайтыс болғаннан кейін қаза болғандардың саны сол күйі қайта қаралмады.

Хрущев айтқандай, Сталиннің «жеке басына табынушылық» тоқтағаннан кейін, қаза тапқандар саны жиырма миллионнан асады деп есептелді. Қаза болған халықтың нақты санын бағалау сексенінші жылдың аяғында ғана басталды. Қайтыс болғандардың ресми мәліметтері бойынша 1939-1945 жылдары 43 миллион 448 адам қайтыс болды. Ал 1941-1945 жылдары қаза болғандардың жалпы саны жиырма алты миллион адам. Ұлы Отан соғысы жылдарында тұтқында қаза болғандар немесе қоныс аударғандар саны шамамен 1,8 миллионға жетті. Жалпы осы уақытқа дейін қайтыс болғандардың нақты саны туралы мәселе ашық қалуда.


Көптеген тарихшы 1942-1943 жылдардағы Сталинград шайқасы тарихтағы ең қанды шайқас қана емес, сонымен қатар Еуропадағы екінші дүниежүзілік соғыстың өзгерісті кезеңі деп санайды (800 000 - 1 миллион 600 мың адам қайтыс болған)» [10].

Қорытынды: Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен «Память народа» сайты арқылы Сталинград шайқасына қатысып, алдыңғы шепте айыптылар ротасында қаза тапқан 22 батысқазақстандық боздақ туралы мәліметпен жете танысып, олардың ішінде үш жерлесіміздің бұрын белгісіз болған жерленген жерін анықтадық. Себебі «Боздақтар» кітабында олардың қаза тапқанын жазғанмен де жерленген жерін жазбаған екен. Сонымен қатар «Боздақтар» кітабында хабарсыз кетті деген үш жерлесіміз Сталинград майданында айыптылар ротасында қаза тапқан. Олардың жерленген жерлері анықталды. Сталинград шайқасында айыптылар ротасында жазаларын өтеп, алдыңғы шепте қаза тапқан 14 жауынгер «Боздақтар» кітабына мүлдем енбеген екен. Сталинград

майданында айыптылар ротасында қаза тапқан Батыс Қазақстан облысынан екі жауынгердің алдағы уақытта қай аудандардан екенін анықтау жұмысын қолға аламыз. Екі боздақтың аудандары қате жазылған. Сұрапыл соғыстың бізге беймәлім ақтандары көп болар деген ойдамыз. Бұрын Кеңес Одағы кезінде соғыс тақырыбында кейбір мәселелер ашық айтылған да, жазылған да жоқ. Қазір тәуелсіздік жылдары өз тарихымызды өзіміз зерделеп, зерттеп, сараптама жасамасақ өзге жақтан ешкім келіп жазып бермейтіні айдан анық. Сөзімді қорыта келе өткен соғыста қыршын кеткен боздақтарды анықтау жұмысымызды жалғастыра беремін дегім келеді. Бұл сауапты іс. Бұл жауапты іс. Мың тағзым бізге бейбіт өмір сыйлаған қайран ерлер қаһармандарға!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Боздақтар» кітабы 3 том. Орал: «Дастан» ЛТД, 1997
2. «Боздақтар» кітабы 5 том. Орал: «Дастан» ЛТД, 2000
3. «Боздақтар» кітабы 6 том. Орал: «Дастан» ЛТД, 1998
4. РФ ҚМОА. Қор:58. Тізбе:18001. Іс:977.
5. Урбан В. Потаенное судно без тайн. // Российская провинция. – 1996. – № 3. – С. 99.
6. РФ ҚМОА. Қор:58. Тізбе:818883. Іс:1912
7. «Сталинград шайқасы» <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
8. «Сталин И. В. Сочинения». – Т. 18, с. 615–620
9. «Я дрался в штрафбате. «Искупить кровью!» (электронное издание) /Сост.: Артем Драбкин, Григорий Койфман. – М.: Litres, 2019. – (без постраничной нумерации).
10. <https://stan.kz/yli-otan-sogisi/>





Даңқты диқан-Шығанақ Берсиев (туғанына 140 жыл толуына орай)

Даулеталина А.Қ.
Ақтөбе қалалық
ЖТС-ның ҚББП-і
Ақтөбе облысы

Аңдатпа

Мақалада автор Ақтөбе облысының көрнекті қайраткері, тарының жоғары өніміне қол жеткізген атақты Шығанақ Берсиев туралы, оның Ақтөбеде орнатылған ескерткіштері туралы, сондай-ақ жерлестерінің еңбек ерліктерін еске алу жолдарын ұсынады.

Аннотация

В статье автор рассказывает об выдающемся деятеле Актюбинской области, знаменитом Шыганаке Берсиеве, добившегося высокого урожая проса. Автор предлагает сохранить память о трудовых подвигах своих земляков.

Кілт сөздері: Шығанақ Берсиев, тары, Ақтөбе

Шығанақ Берсиев – қазақ халқының, бұрынғы, қазіргі мемлекетіміздің тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Еңбек сүйгіштіктің, адамдықтың, адалдықтың, азаматтықтың өлшемі.

Жақсы адам күннің жарығы сияқты бүкіл адамзатқа ортақ қазына, ортақ құндылық. Жақсы адам – ортамызда ағып жатқан дария-өзен. Оның суы дария-өзен бойын мекендеген бүкіл халықтың, жан-жануардың, өсімдік әлемінің қуат көзі, өзегі, нәрі, тіршілігі, өмірі. Ол ешкімді де, ешнәрсені де таңдамайды, талғамайды, алаламайды, құлаламайды, аға береді, аға береді. Оның парызы, қарызы, табиғи, тарихи міндеті, тағдырдан алған тапсырмасы осындай. Берсиев те – сол санаулы, танымал жақсылардың бірі. Еңбек әлемнің әміршісі болса, Шығанақ еңбектің әміршісі болды. Берсиевтің шапағаты, жақсылығы, қадір-қасиеті, еңбек сүйгіштігі, өмірі, өнегесі, үлгісі, ұлағаты бәрімізге де жетеді.

Ауыл шаруашылығына жаңалық енгізген, көрнекті қайраткер, тарыдан жоғары өнім алған атақты Берсиев атағы бүкіл Кеңес халқына мәлім.

Ойылдың жері бұрын құнарсыз деп саналушы еді. Қарт Шығанақ бұған келісе алған жоқ.

Еңбекте талмайтын ол шөп шыққан жерден мол астық алуға болатынына берік сенді. Ол егіннен мол өнім алудың жолын талмай іздеді және оны тапты. Бірнеше жылдар бойына Ойыл даласының қатал ауа райына төзімді тарының сортын өсіруге еңбек етті. Оның еңбегі табысты болды. Ол қазір «Берсиев тарысы» деп аталатын мол өнім беретін, құрғақшылыққа шыдамды ақ тарыны шығарды. Бұдан әрі диқанның алдыңғы қатарлы ғылымды колхоздың тәжірибесімен ұштастыра отырып, 1940 жылы әр гектардан бұрын болып көрмеген 125 центнер, одан соңғы жылы 175 центнер, ал 1943 жылы 204 центнер тары алғанын айтады. Осылайша диқаншы жасаған рекордтар тізбегі баяндала келіп, оның жер кәсібіне жаңалық енгізуші ретіндегі қайраткерлігі сараланды.

Шығанақ Берсиев – соғыс уақытында, қиын кезеңде қызмет еткен тұлға. Тары майдангерлердің ғана емес, бүтін ауылды аштықтан аман алып қалды. Таң қылаң бере алқапқа аттанып, түн бата үйіне оралатын ауыл адамдары тары жеп, отбасын асырады. Тары алқабында ұрыскеріс болмаған. Әр адам өз жұмысын білді, міндетін атқарды.

Адамгершілік пен келісті кісіліктің, ақыл мен парасаттың ерекше үлгісін көрсеткен – Шығанақ. Мұндай тұлғалардың өмірдің жасампаз тарихы болып өрілетін болғандықтан, оларды ұмыту – өткенді, өткендегі кімнің кім, ненің не екенін танудың сабақтарын зердеден кетіру болып табылады.

Берсиев қайтыс болғаннан кейін Ойылға жазушы Ғабиден Мұстафин келіп, Ойылда екі айдай болып, «Шығанақ» романын жазу үшін деректер жинаған. Звенодағы адамдармен кездесіп, тума-туыстарымен әңгімелескен. Ойылдағы қызметкерлермен кездесіп мәліметтер жазған. Шығанақ – Ғабиден Мұстафиннің дүние жүзіне әйгілі, қазақ әдебиетінде шаруа тақырыбына жазылған шығармалардың ішіндегі айрықша көркемдік қуатқа ие болған роман. «Шығанақ» романы тарыдан мол өнім алу жөнінен бірнеше дүркін дүниежүзілік рекорд жасаған әйгілі диқан Шығанақ Берсиев өмірінен алып жазылған. Романда өмірдің талай бел – белесін басынан кешірген шығарманың бас кейіпкері Олжабек бейнесі өзінің типтік сипатымен миллиондаған орта шаруаның жол айырықтағы әуре-сарсаңын шыншылдықпен әйгілейді. Жазушы сайы мен саясы мол өмірді, қаға берісі мен қалтарысы көп адам тағдырын бар болмысымен тұтастай ашады.

Пирамида тәріздес кесене 1947 жылы белгілі архитектор Төлеу Басеновтың жобасы бойын-

ша салынды. Күйдірілген кірпіш, цементтен тұрғызылған және әктелген. Диаметрі – 8 м, биіктігі – 7 м. Кіреберісте: «Атақты Шығанақ Берсиевке» – деген жазу бар.

Бейіт күйдірілген кірпішпен қоршалып, солтүстік-батыс жағында ескерткіш белгі орнатылған. Кесененің құрылысы дөңгелек, ұйтам тәрізді және кіреберісі аркалы болып келеді. Кесененің оңтүстік-батыс бетіндегі қабырғасында аркамен өтетін кішкентай ғана қасбет орнатылған. Екі жағына айнала баспалдақ орнатылған, сол жағындағы баспалдақтан кесененің жоғарғысындағы күмбезге шығады. Қабырғаның сыртқы диаметрі – 5,2 м, жалпы биіктігі – 4,4 м. Қабырғалардың шеңбері 1.30 м дейін көтеріледі, содан кейін дереу жалған күмбездің қаландысымен жалғасып кетеді. Кесененің оңтүстік-батыс қабырғасында алдыға шығыңқы аркалық өту жолы бар портал салынған. Екі жақ жанында айналма баспалдақтар орналасқан. Кесененің ішкі бөлігінде ойықшалары бар тақтайшалар бар. Күмбездің үстінгі бөлігі тары масағы іспеттес жасалған.


Ақтөбе қаласында Шығанақ Берсиев көшесінде және Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында ескерткіші мен музейі бар.

Шығанақ Берсиев ескерткіші – 1946 жылы Ақтөбе қаласындағы Пушкин саябағында оның алғашқы ескерткіші орнатылды. Ол кездегі ескерткіш мүсіні тарышының ауырып жүрген





Ш.Берсиев кенесі



Ш.Берсиев ескерткіші
Ойыл ауылы

кезіндегі бейнесімен салынды. Бет-бейнесі өте жұтаң болған соң, 2008 жылы ескерткіш қайта өзгертілді. Қазір Шығанақ Берсиев көшесіне көшіріліп отыр.

Бүгінде даңқты диқанды танытатындай мұражайлық экспонаттар жоқтың қасында дедік. Сол себепті оның жеке өзіне арналған орын ашу қиын екені белгілі. Алайда облыс орталығында осы тұлғаның есіміндегі музей ашып, оған «Даланың дана диқаншысы» деген атау беріп, осы өңірде табандарын тасқа тілдіріп жүріп ақтылы қой, алалы жылқы өсірген, егін өсірген ондаған Еңбек Ерлерінің өмір және еңбек жолдарын баяндасақ ұрпаққа үлгі болары анық.

«Берсиев музейі» атауымен тары дақылының егілуінен бастап, жиналуы, тағам түрлеріне айналуына дейінгі бүкіл үрдісті көрнекі түрде көрсетіп, диқан туралы толық мағлұмат беретін әрі музей, әрі мәдени, сауда кешені ашылса, қызығушылық танытар келушілер көбейері сөзсіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Айтқұлов Ж. Шығанақ туралы ескерткіш түбіндегі ой. //Ойыл. – 1985.- 30 қараша
2. «Ақ тарының атасы» /Құраст. Б. Шоланов пен С. Әлімбаев» - Алматы: қайнар, 1981. – 216 б.
3. Ақтөбе: Энциклопедия.-Ақтөбе ТОО «Отандастар-Полиграфия», 2002-786 б
4. Алманиязова А. Шығанақ туралы поэма: Шығанақ -//Ақтөбе.-2006.- 23 ақпан-мамыр

5. Бертольт Брехт Тары (Г. Фиштің «Болмысты болдырған» деген әңгімесінің ізімен) // Ақтөбе.- 2006.- 23 ақпан
6. Келінберлин С. Ұлағатты өмір / Ш. Берсиевтуғанына 110 жыл. // Ойыл. – 1991 . – 5 қазан.
7. Куликов В. Тары өнімі үшін бәйге // Қазақстан ауылшаруашылығы.- 1978.- №4 .- 236 бет.
8. Сағынбайұлы Т. Өксікбайдың есімі неге ұмытылмайды / Шығанақ Берсиевтің із басарлары // Ақтөбе. –2006. –12 мамыр
9. Сатыбалды С. Тарыны екпейме, әлде өтпей пе? // Егемен Қазақстан. – 2014. 14 мамыр.Өлкетанушы. // Үштаған.-2016.-№2 (2) .- Қазан. -18-19 бет.
10. Сәрсенбина Б. Шарғалаға түскен Шығанақ. // ЖасАлаш. –2005. – 15 қаңтар
11. Сурет сыр шертеді. // Ойыл. – 1991.- 26 қараша
12. Халқының дүлдүл ақыны. «Шығанаққа» (Н. Байғаниннің 130 жылдығы) // Ойыл. – 1990 .- 5 қазан
13. Шаңғала, Саламат Қомытұлы. Шығанақшыққаншың сыры [Мәтін]: атам Шаңғала Өтегенұлы мен жазушы Ғабиден Мұстафаұлының рухтарына арналады / С.Қ. Шаңғала // Ойыл.-2017. -16 наурыз. -3 бет.
14. Шығанақ - қазақ елінің еңбек паспорты [Мәтін]: Шығанақ Берсиевтің 135 жылдығы. // Ойыл.-2016. - №39. -22 қыркүйек.
15. Шығанақтың ісін жандандырды [Мәтін]. // Үштаған.-2016.-№1 (1).-қыркүйек. -26 бет.



Ертегілер сабақта

Тұрлыбаев Ү.Ж.

«Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының» ҚББП-і, Қордай ауд., Жамбыл обл.


Аңдатпа

Оқушыларға қосымша білім беруде танымдық қабілеттері мен шығармашылық іскерліктерін дамыту үшін әдеби шығармашылық әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланудың жолы - ауыз әдебиетінің ертегілер жанры. Автор экологиялық үйірме сабағында оқу бағдарламасының мақсатына жету үшін ертегі жанрын пайдалану маңызды екендігін айта келе, сабақ кезінде жазған ертегілерді ұсынған.

Аннотация

Жанр устной литературной сказки является одним из методов рационального использования литературного творчества. Для развития устного народного творчества, познавательных способностей учащихся автор статьи рекомендует на занятиях экологического кружка использовать сказки, как один из жанров устного творчества.

Кілт сөздері: экологиялық ертегі, «Көк Қордай», «Канал», «Жасыл патруль» ертегісі.



«Жалын» үйірмесі жан жақты бағытта жұмыс жасайды. Оқушыларға қосымша білім беруде танымдық қабілеттері мен шығармашылық іскерліктерін дамыту үшін әдеби шығармашылық әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланудың жолы ауыз әдебиетінің ертегілер жанры. Әлеуметтік-педагогикалық үйірме болғандықтан, патриоттық-өлкетану бағытына басымдық ұстанымында бағдарламада туған өлкенің экологиясына, айнала қоршаған орта тазалығына бөлім енгізілген. Сол бойынша шәкірттердің қиялын ертегі шығармашылығы арқылы да дамытып, кемелдендіруге болады. Өйткені, бала жаны табиғи болмысқа, құбылыстарға тәуелді. Жан жағын қоршаған әлемнің жұмбағын шешіп, жақсы мен жаманды ажырату санасын қалыптастырады. Баланың нәзік жан дүниесін байыту, туған жерге сүйіспеншілігін бекіту, Жер-Ананың болашағы – елдің бақытты болашағы екенін ертегі шығармашылығы арқылы түйсінеді, әсемдікке құштарлық сезімін, әлеуметтік қарым-қатынастарға өзіндік көзқарасын

қалыптастырады. Ал, зұлымдықпен, немқұрайлылыққа, жауапсыздық пен салғырттыққа жаны қас бала жүрегі әрқашан зиянды әдеттерден ада болады. Сондықтан да қосымша білім беруде үйірме оқушыларының ертегі шығармашылығы әдеби, экологиялық, географиялық, патриоттық, рухани-адамгершілік секілді білімдік және тәрбиелік деңгейлерін арттыратыны сөзсіз.

«Базар» ертегісі

Елтай Маржан, 9 жас (4 сынып)

«Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық-жүні ұзын екен» демекші, бұрынғы кезде Қордай ауылында базар болмапты. Бір күні ауылда базар ашылыпты. Адамдар қуанып, «базарлы болатын болдық, қаңғымайтын болдық, үйге керек заттың бәрін сатып алатын болдық, уақыт үнемдейтін болдық, жұмыс істейтін болдық, саудагерлер саудасын жасасын, біз үй салып, арық қазып, мал жайып, егін егіп арқа басымыз кеңітін болды» деп қуаныпты. Сонымен ел қағанағы қарқ, сағанағы сарқ өмір сүріп жатыпты. Күндерден күндер, айлардан айлар, жылдардан жылдар ағып өте беріпті. Халықтың жағдайы жақсара түсіпті. Ел бірігіп, базарды қарайтын адамды, тазалайтын жұмысшыны жалдапты. Өздері де «ортақ игілігіміз бұл базар деген, сондықтан үйіміздей таза ұстайық» деген жақсы ниетпен, базар

төңірегіне қоқыс тастамайды екен.

Күндер өте келе, адамдар бір-бірін тыңдамай, жасырын елге көрсетпей, біреуі заттың қабын, бірі қаңылтыр қалбырын тастапты. Ел арасында кейбір жанашыр адамдар «Неге тастайды? Тазалық өзіміз үшін, сондықтан біреуі былғаса, қалғандарың ақыл айтындар!» деп жар салыпты. Бірақ ел тыңдамапты. Сондықтан да осы күні базардың төңірегі лас, қоқысқа толып қалды. Ал жанынан ағып өтетін канал арнасының жағалауы сұмдық былғаныш. Жазда көк желең қысылып шығып, ерте сарғаяды екен.»

Құрметті оқырман! Менің ертегімді оқысаңыз, Сізден сұранамын, туған ауылымызды аялайық! Таза ұстайық! Мен сияқты балаларыңыз бар шығар. Біз өсеміз, есейеміз, сонда мұраға не қалдырасыз? Шөбі тақыр, суы лай, көшесі лас, ауыл төңіректері қоқысқа толы ауылды ма? Жоқ! Біз қарсымыз! Сондықтан да мен ер жеткенде, туған ауылымды қорғаймын! Тазалығын сақтаймын! Туған елім үшін қызмет етіп, әкім болсам да, мықты маман болсам да, жердің, табиғаттың тазалығы үшін күресемін. Өйткені кейінгі жастарға экологиялық таза әлемде өмір сүрген нағыз бақыттың өзі деп білем. Қазір үйірмеміздің экобригадасында оқушылар тазалық күндерін ұйымдастырып, жерде жатқан қалдықтарды жинап жүрміз, «Тазалық – денсаулық кепілі» дегендей. Дені сау елдің өмірі ұзақ болады!




«Канал» ертегісі

Мирам Қазбек,
9 жас (4 сынып)

Ертеректе Қордай жерінде еңбекшіл қауым Шу өзенінен арна қазыпты. Қырдағы диқанға су жеткіземіз деп, күндіз-түні еңбек етіпті. «Саусақ бірікпесе, ине ілікпейді» дегендей, кәрі-жасы, жылқы-есегі, тіпті мысық-итіне дейін тынбай жұмыс істепті. Адамдар арнаның ішін шұқылап, топырағын ернеуіне жинап, кемер салып, жылқы-есегі белдері майысқанша ауыр жүкті арбамен тасысып, иттері құрал-саймандарын қарауылдап, мысықтары іннен шыққан суырлардың бей-берекет құмды шашқан қылмыстарын әшкерелеп, сондай тату-тәтті өмір сүріпті. Осындай ынтымақтың арқасында су арнасын жасап біткен соң, каналға өзен суын бұрып, қырдағы диқандарға жеткізген екен.

Уақыт өтіп жатты... Қордай өлкесінің шаруаларының еңбегі жана бастапты. Ел нәсіпке бөленіп, тату-тәтті өмір сүріпті. Қордай ауылы өсіп, үлкен мекенге айналыпты. Бір кезде тап-таза канал бойына шомылған адамдардың денсаулығы сыр бере бастапты. Сөйтсе, каналдың бас жағына орын тепкен әскери қалашық пен кеден аймағындағы көп қабатты үйлердің кәрізі каналға құйылады екен.

Ағасы Мұраттың ыстығы көтеріліп ауырғанына шыдамаған 9 жасар Арсен сыныптастарымен ластаған мекемелерге хат жазыпты. Олар бірігіп, әскери қалашық пен кеден аймағына барып, тұрғындармен, ауыл әкімдігі өкілдерімен кездеседі. Бірақ бұларды баласынып, «Қарай гөр өздерін. Кіп-кішкентай боп алып, тазалық қорғағыштарын» деп менсінбей шығарып салады. Арсен қиялына ерік беріп, «Шіркін, адамдар балаларды тындаса, таза жерде, көркем ауылда бақытты өмір сүрер едік. Енді не істейміз?» - деп, достарымен ақылдасады. Балалар сынып жетекшісі Гүлмира тәтейге болған жайды айтады. Тәтей де мейірімді жан болатын. Шәкірттерінің мұңын тындап, дереу іске кіріседі. Бәрі сынып болып жиналып, канал жағалауын тазалап шығады. Сосын балалардың табиғат қорғау отряды ауыл әкімін кездесуге шақырады. Ауыл әкімі балалардың адал қызметін бағалап,



балаларды мадақтамамен марапаттап, зиянды қалдық төгетін нысан иелеріне қатаң талап қояды. Міне, содан бері канал арнасында таза су ағатын болыпты. Ал Арсен мен достары осы күні де канал тазалығын қорғайтын экобригаданың белсенді мүшелері.

«Көк Қордай» ертегісі

Иманова Айлин,
9 жас (4 сынып)

Ерте, ерте, ертеде Көк Қордай деген алып тау болыпты. Таудың Асу деген баласы болыпты. Асу бала жастан сотқар, бұзық боп өсіпті. Жолында кездескен адамдарға, көліктерге, жан-жануарларға, тіпті өсімдіктерге баудай тиіп, тыныштық бермепті. Әсіресе алты ай қыста тірі жанға қаһарын шашып, машиналарды жолдан төңкеріп тастайды екен. Суық ызғар шашқан мінезімен тіршілік атаулыға жақпапты.

Қыстың қақаған суығы тоқтап, кең даланың сай-саласы жібіп, сұлу да көрікті Көктем қыз келіпті. Көк Қордай жайлаған төңірекке Көктем сұлу қадам басса болды, жер көгеріп, шөп-шалғын өсіп, дала гүлдері қызылды-жасылды түстерге боялып шығады екен. Тау шатқалында құстар сайрап, жан-жануарлар төлдеп, көліктер де баратын бағытынан танбай тау шатқалынан қауіптенбей өтеді екен. Қарт Қордай сұлу қыздың керемет жаратылыс иесі екенін көріп, әдемілігіне қайран қалыпты. Өйткені көне Қордай тауының өзі де жас жігіт шағына оралыпты.

Бір күні Көктем сұлу жер астынан тұншығып шыға алмай, көзі жәудіреп қиналып жатқан Кәусар бұлаққа кезігіпті. Көктем сұлу:

- Кәусар қыз, ерке сынғырың қайда? Мөлдір суың қайда? Жылғанда жайқалатын гүлдерің қайда?-дейді.

Кәусар:

- Көктем ару, мен шыға алмай қиналып жатырмын. Ерке сынғырымды шөп-шалам қысты. Мөлдір суымды лас қоқыс басты. Жылғамда жайқалған гүлдерімді адамдар жұлды. Менің көзімді ашатын жан болса ғой...-деп мұңаяды.

Көктем:

- Жаным-ау, сені, шынымен, өте қатты қинапты ғой адамдар. Енді қайттік? Қалай сені құтқарсам екен?-деп ойланып қалады.



Асау Асу жігіт әңгімелерін жасырын тыңдап тұрған болатын. Ол орнынан тұрып, екеуінің жаңына келеді.

- Мен Асумын. Адамдарға кедергі жасап, осы Қордай тауын жамандықтан қорғап жүремің үнемі.

Көктем:

- Алты ай қыс қорғап жүргеніңді білемін. Ал Кәусарды қалай құтқарамыз?-дейді сынай қарап.

Асу болса асықпай:

- Оның жарасы жеңіл. Құтқару үшін мен досым Дауылды шақырайын, сол көмектеседі-дейді.

Көктем:

-Дауыл осы сайға келе ала ма? Бұлақтың көзін аша ала ма?

Асу дүр сілкініп қалып еді, дем арасынша аспанға қара бұлт қаптап, жел соға бастады. Дауыл ысқырып кеп, бұлақтың төңірегіндегі қоқыстар мен шөп-шаламдарды тазалап шығады. Кәусар мөлдір қайнарын жылғаға жайып аға бастады. Енді бір уақыттан кейін, тау шатқалындағы жылғалар жағалауында көк қаулап шығып, әдемі бола бастады. Көктем Асудың жасаған жақсылығына риза болып:

-Асу десе, нағыз жігіттің мінезі екен ғой. Табиғат ананың ластануы саған байланысты ма десем, адамдардың лас ісі екен ғой. Рахмет саған, Асу!-деп Кәусар бұлақ екеуі алғыс айтады.

Адамдар, табиғатты аялай білейік! «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ!» Сондықтан, туған жердің қадірін түсінейік!

«Жасыл патруль» ертегісі

Рахим Жанел,
9 жас (4 сынып)



Жердің бір жерінде, елдің бір елінде, ауылдардың бір ауылында, көшелердің бір көшесінде өңшең бұзық, тәртіп сақтамайтын, тазалық атаулыдан жұрдай бір ауланың балалары өмір сүріпті. Бірақ балалар өте талантты екен. Олар бірінен бірі өткен спортқұмар екен. Әсіресе футболды керемет ойнайды екен. Ертеден кешке дейін доп қуып, шеберліктерін шыңдай беріпті. Қай жерде ойын жарысы бар болса, сол жерден табылады екен.

Өкініштісі сол, балалар салақ болып, айналасын рәсуа етіп шашып, жинамайды екен. Спорт тренерлері де балалардан қашатын болыпты. Балалар да барлық шаралардан шеттетіле бастапты. Ешкім де шақырмайтын жағдайға жетіпті.

Бұл біздің сотқарлар туралы әңгімеміздің басы еді. Енді ауласына оралайық. Сонымен, балалар ауладан шықпай, есіл-дерті доп қуып, бір-бірін мазақтап, шулап, аула тұрғындарының мазасын алыпты. Ата-анасы берген ол-пұлға тәтті кәмпиттер қабы мен сусын бөтелкелерін қалай болса, солай лақтырып, аула сыпырушысының жұмысын бағаламапты. Аула жиналысында ата-аналарына айып пұл салыпты. Сонда да бұзақы балалар жаман әрекеттерін тоқтатпапты. Бүкіл қала «жаман аула балалары» деген ат қойып, айналып өтеді екен.

Бір күні балалар әдеттегідей футбол ойнап жүреді. Біреуі жаңа ғана аршылған банан қабығына тайғанап құлап, айғайлап жылайды. Сөйтіп аяғын сындырып алыпты. Балалар көмекке ересектерді шақырса, ешкім келмей қояды. Ата-анасына айтайын десе, қорқыпты. Жедел жәрдем шақыртып, ауруханаға апарды. Ауруханада аяғын гипстеп, баланы жатқызады.

Қалған балалар ойланады. «Неге біз бірікпейміз? Тәртіп орнатпасақ, тазалық сақтамасақ, ешкім бізді елемейді. Сондықтан бәріміз бір тәртіпке бағынайық» деп келіседі олар.

Келесі күні ертеңмен Азат деген баланы басшы етіп, соны тыңдайтын болады. Ал Азат болса, екі баланы ауруханаға сырқат достарына жіберіп, өздері аула төңірегін тазалауға кіріседі. Сөйтіп, көзді ашып жұмғанша айналаны сыпырып-сыпырып, қоршау жасап, қоршауды сырлайды. Бөбек жайдың сынған ағаш үйшіктері мен ойын алаңын жөндейді. Қоршау үшін күрекпен қопсытып, гүл көшеттерін отырғызады.

Бұл жағдайды көрген аула тұрғындары таң қалады. Ал балалар болса, «Құрметті аула тұрғындары! Біз сіздерді тыңдамай, бұзықтық жасағанымыз үшін кешірім сұраймыз. Біз енді ешқашан жаман болмаймыз. Біз бүгіннен бастап ауламыздың «Жасыл патруліміз» деген екен. Содан бері аз өтті ме, көп өтті ме уақыт, білмеймін, бірақ жасыл патруль балалары қаланың мақтанышына айналып, барлық спорттық жарыстардың жеңімпазы болыпты және ең таза ұйымшыл табиғат қорғаушылары атаныпты. Ел сөз етіп, қала балаларын осы ақылды, ұйымшыл, озат, дарынды балалардан үлгі алуға шақырыпты.



Ғасыр ағашы



Шайхиева Г.Т.

Бөрлі ЖТС-ның ҚББП-і,
Успен мектеп-бөбекжай-балабақша
кешенінің музей жетекшісі,
Бөрлі ауданы, БҚО

Аңдатпа

Автор үйірме жұмысы арқылы оқушыларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, оларды табиғатты не үшін және қалай қорғау керектігін қамтамасыз ететін ғылыми біліммен қаруландыру, табиғатта өзіндік практикалық жұмысты қалыптастыру бағытында жұмыстану туралы және ағаш түрлері мен пайдалылығы туралы жазған. Әңгіме арқауы Успеновка ауылында өсіп тұрған тарихи ағаш - Ғасыр ағашы.

Аннотация

Автор знакомит учащихся с видами деревьев, о их роли, пользе. Данная статья прививает любовь к природе, учит беречь природу, а так же формирует навыки самостоятельной и практической работы.

Кілт сөздері: Сталинград шайқасы, «Боздақтар» кітабы, Қызыл армия

Ағаш - адамның күнкөріс қарекеті мен Арухани өмірінде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі».

Осындай тіршілік иесі Успен ауылында 100 жылдан астам өмір сүрген жалғыз ағашты «қасиетті ағаш», «ғасыр ағаш» немесе «киелі ағаш» деп атайды. Ағаш өте биік. Тіпті төменнен жоғары қарасаң басың айналады. Ауылымызға келген қонақтар «мұндай алпауыт, жасы ғасырдан асқан ағашты алғаш көруіміз, әлі жап-жасыл боп тұр екен, табиғаттың кереметін ай!» деп тамашалап, фото суретке түсіп, Успен ауылының тарихи-мәдени құндылығы деп есептейді. XIX ғасырдың ортасынан бастап, талай алмағайып заманды бастан кешкен ағаштың көлеңкесі адамды ауызбен айтып түсіндіруге келмейтін ерекше күйге бөлейді.

Жалпы қазақ халқы жаңа шыққан көкті жұлмайды, ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты, көк өркенді сындырмайды. Өйткені, жас өркеннің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі деп біледі. Көк жұлсақ көктей соласың деп ырымдалады. Сондай-ақ қазақ дәстүрінде қосарланып өскен, қатар біткен ағашты да кеспейді. Себебі, қосағыңнан айырыласың, қанатыңнан қырқыласың деп тыйым еткен. Яғни, дүние түгел егізден жаралған, ал егіздің сыңарын құлатқан оңбайды, көңілі қапаланып, зарығып өтеді деп қатты ырымдайды.

Ағаштың тұрмыс пен шаруашылыққа жарамдылығына қарай отындық және кәделік ағаш деп, өсу, даму сатысына қарай - жас ағаш және тіршілік циклы аяқталуы жақын кәрі ағаш бөледі. Сондықтан жас, толық өсіп жетілмеген ағашты қажетіне қарай ғана кеседі. Өсіп жетілген

ағашты шірімей, құрт жемей тұрып қажетке жаратады. Кәрі қуарған ағашты жығып, шауып отынға пайдаланған.

Ағашты кескен кезде діңіндегі шеңберлердің санына қарап, жасын анықтайды. Ағаштың таудың теріскей беткейіне өскен ағаш діңінің көлеңке (солтүстік) жағындағысын «ұрғашы ағаш» атайды. Ондай ағаштардың бұтағы жоқ, жылдық сақиналары жиі, шайыры аз болғандықтан «шешен», яғни акустикалық сипаты, яғни дыбыс өткізгіштік қасиеті жоғары болады дейді шеберлер. Саз аспаптарының құлағын ырғай, тобылғы т.б. қатты ағаштардан әзірлейді. Ағаш шеберлері тәжірибе жүзінде кез келген ағаштың түп жағы берік болады деп санайды.

Қазақ наным-сенімі бойынша әулие адамның табаны тиген жерде өскен немесе әулиенің көлеңкесі түскен ағаш қасиетті ағашқа айналады екен. Қазақ жапан далада жалғыз өскен ағашты «киелі ағаш» немесе «әулие ағаш» деп санап, оны кеспейді, зақым келтірмейді, тіптен саясына барып, ұйықтамайды. Әйтпесе сол ағаштай сопыып жалғыз қаласың, ал дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ, жанның құлазуынан ас-

қан қорлық жоқ деседі. Жалғыз ағашты жалғыз қалудың нышаны деп қарайды. Топырақ үйілген төбешіктер, құла түздегі жалғыз ағаш, шөл, мекен далада бұтақтары тарбиып өскен бұғалар да қасиетті делінеді. Сол жерлерде түнейді, шүберек байлайды. Әулие жатқан жер деп танып, мал сойып, тілеу тілейді.

Қазақ мифологиясында бәйтерек космос ағашы ретінде рәмізделеді. Бәйтеректің шағын модель-үлгілері бақан, адалбақан, таяқ, асатаяқ ғұрыптық жосындарды атқаратын киелі құрал қызметін атқарады. Бәйтерек – үш әлемді байланыстырушы дәнекер ретінде әспеттелінеді. Қазақ арасында кең тараған адамның жаны киелі теректе сақталады деген ұғым бәлкім осы жайтқа байланысты қалыптасқан сияқты. Ол туралы мынадай миф бар: «Рух адамның тәнін өлерден қырық күн бұрын тастайды. Сөйтіп, құсқа (көгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Мұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алма-кезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып, үй ішінде ұшып жүреді. Тек қырық күннен кейін барып, үйді



біржолата тастайды. Бәйтеректің діңгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де, мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп, жаңа өмір пайда болады. Жануарлар да, өсімдіктер де дәл осылай өмірге қайта келеді».

Жапырағына жан орналасқан осынау киелі терек туралы миф түркі халықтарына кең таралған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар. Онда «Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түптамыры жерастымен жалғасқан. Ол көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартайды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды» дейді. Бұл сюжеттерде әлем ағашты, яғни ғаламның вегетативті моделі көрініс тапқан.

Қазақ халқы өзінің өмір-салтын, тұрмыс-тіршілігін, кейбір әрекетін ағашқа теліп, ағаштарды адам бейнесіне енгізіп, сан түрлі аңыз-әңгіме шығарған.

Бұл мифтік сюжеттер қазақтың байырғы өмір салтының метафоралық образы іспеттес. Расында да, ағаштардың сыртқы түр-тұрпаты, өсетін мекенінің ерекшелігі қазақтың ежелгі тіршілігі еске түсіреді. Ұзын қарағай тәкаппар адам, мықшиған сексеуіл жазықсыз жапа шегуші, таста өсетін арша тасбауыр, қызыл тобылғы ұялшақ кейіпкерлер ретінде сомдалып, халқымыздың қалың мал төлеп неке салтының көріністері айқын бейнеленеді. Осындай мифтік түсініктен туған ағаштардың араздығы мен татулығы, құдаласу сарыны «Ағаш өлең» деп аталатын кейбір халық өлеңдері мен жұмбақ айтысқа да жиі арқау болған. Халқымыз әртүрлі ағаштардың жеке-жеке ауруларға емдік қасиетін ертеден-ақ меңгерді. Мәселен, аяқ шаншығанда, бас ауырғанда шетенді сол ауырған жерге қойып, сырқатты бәсеңдеткен. Шетен қуат бергіш ағаш тобына жатады. Дегенмен, шетенді ұзақ пайдалану да қауіпті. Кері әсері болуы мүмкін. Қазақтар шетенді найзағай тартады деп үй жанына отырғызудан бас тартқан. Емен, қарағай, кайың жағымды қуат энергиясын сыйлайды. Біздің күш қуатымызды

арттырып, өмірдің ұзаруына, қартаймауға, жігерлі жүруге көмек етіп отырады. Шетен, терек сияқты ағаштар да жағымсыз энергияны өзіне тартып алады. Осыған байланысты нақты ғылыми негіздерге, тәжірибелерге сүйеніп әр адамның өзінің жеке «қуат бергіш» және «қуат сорғыш» ағашы болатыны анықталды. Алайда, аты аталған немесе аталмаған «қуат бергіш» ағаштар толық емдік қасиетке ие деп бір жақты айта салуға да болмайды. Өйткені әр адамның өзінің туған жыл, ай, күніне қарай өз ағашы болады. Ағаштың қандай да бір емдік белгісіне қарай анықтап, «қуат бергіш» ағашқа жақындағанда әр сеансты 10-15 минуттан бастап, 20-30 минутқа дейін созып, жеті рет сеанс алған дұрыс болады. Дененізге кері әсер ететін ағаш жанына жоламау қажет. Әрине, орманға барғанда бір ғана ағаш шипалы деу дұрыс та болмас. Ормандағы барлық өсімдіктер биоөріс бөледі. Су өзінің сылдырап аққан үні мен дененің жүйке жұмысын жақсартады. Өсімдік те, су да адамның кері қуатын сорып шығара алады. Бұларға таза ауаны қосыңыз. Тағы бір қасиетті қуат көзі – ормандағы тастар. Тастың да емдік қасиеті және сондағы жерасты мен үстіндегі минералды заттар да, «қуат күшін» сыйлайтынын ұмытпаған жөн. Әрбір адам психологиясы, мінез-құлқы табиғаттағы күн, ауа, су, от және белгісіз миллиондаған материалдық ғаламдық планеталар мен тікелей байланысты. Ағаштың қай түрін алсақ та, өзіне тән қасиетін айттық. Адамдардың да мінез-құлқы өзінің жеке ағаш-жұлдызнамасына тән. Бұл ағаш – жұлдызнаманы білу, адамның өзінің мінез-құлқын жақсартып, денсаулығын бір қалыпты ұстауға, психологиясын дамытуға көмектеседі. Қорыта келгенде, денсаулықты дәрісіз қорғауда табиғат емшінің қасиетін пайдалану тиімді болмақ. Мүмкіндікке қарай жәй бас ауру, әбіржу т.б. көңілсіздік туа қалса өзіңізге жақын бау-бақша ішіне, ормантоғайға, өзен жағаларына барып бір уақыт демалуды ұмытпайық. Ағаш-шипаягердің шипасы қонымды болсын.

Я, ағаш туралы көптеген мысалдар келтіруге болады. ал ауылымыздағы алып теректің көлеңкесінде кімдер демалмады десеңші?! Жас жұбайлар үйленер күні қыдырып, махаббатымыз ғасыр теректей берік болсын деген ниетпен келіп, суретке түседі. Жас туристер ғасыр ағашты қастерлеп, әрқашан күтіммен қарап, абаттандырып тұрады.



Бородулин В.В.
«Спорттық туризм Федерация
Ассоциациясы» ЗТБ-нің вице-президенті,
Шымкент қ.



Карина Ж.М.
ОБЖТЖЭО-ның
аудармашысы,
Орал қ, БҚО.

Туристік көпсайыс қашықтықтарында техникалық тәсілдерді орындау



ҚТО Президумының және ҚР Спорттық
туризм және туристік көпсайыс
Республикалық Федерациясының
2005ж. «17» желтоқсандағы №2 қаулысымен
БЕКІТІЛДІ:

Аңдатпа

Бұл әдістемелік ұсынымда спорттық туризмнің әртүрлі түрлеріндегі туристік көпсайыс бойынша жарыстарда техникалық тәсілдердің қауіпсіздігі, сақтандыру шаралары және оның орындалуына қойылатын талаптар, сонымен қатар қолданылатын құрал-жабдықтардың техникалық сипаттамасы берілген. Әдістемелік ұсыным осы салада жұмыстанып жүрген қосымша білім беру педагогтары мен әдіскерлеріне арналған.

Аннотация

В данной методической рекомендации описаны требования к выполнению технических приемов, меры предосторожности на соревнованиях по туристскому многоборью в различных видах спортивного туризма, а также техническая характеристика применяемого оборудования. Методические рекомендации предназначены для педагогов и методистов дополнительного образования, работающих в данной сфере.

Кілт сөздері: құрал – жабдықтар, қауіпсіздік, жеке сақтандыру, өзін - өзі сақтандыру, мұз құралдары, байламдар.

ЕРЕЖЕ

Осы Ұсынымдардың негізгі мақсаты спорттық туризмнің әртүрлі түрлеріндегі туристік көпсайыс бойынша жарыстарда техникалық тәсілдердің қауіпсіздігін және оның орындалуына қойылатын талаптардың біркелкілігін үйлестіру және жету, сонымен қатар қолданылатын құрал – жабдықтарды жоспардағы техникалық сипаттамасындағыдай, қолдануға болатындай шамадағы бірдей бағалаудағы тәсілді анықтау болып табылады.

Бұл құралда туристік көпсайыста қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар бе-

рілген. Ұсынымдар жарыс Шартының көлемін қысқартуға көмектеседі.

Осы Ұсынымдардың кейбір ережелері жарыс Шартын жасағанда толықтай Ұсынымға немесе бөлімдердегі жалпы сілтемелерге сәйкес шектеліп қайталанбауы тиіс.

Егерде, жарыс Шартында осы берілген Ұсынымнан ауытқушылық жіберілетін болса, онда осындай шарттағы өзгеріске ұшыраған әрбір факт Ұсыным пункттеріндегі сілтемесімен жарыс Шартында көрсетілуі тиіс.

Этаптағы төрешілер үшін Ұсынымды білу міндетті.

1. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1.1. Стартта команда төрешіге топтық және жеке құрал-жабдықтарды тексертеді.

1.2. Төреші жарысқа қатысушыларда:

- стандарттық емес құрал-жабдықтарды қолдануға техникалық комиссияның берген рұқсатының болуын;

- құрал-жабдықтардың дұрыс болуын;

- жеке сақтандыру жүйесі бекіткішінің дұрыстығы, касканың, өзін-өзі сақтандырудың

және т.б. болуын;

- жарысқа қатысушылардың киімдерінің жарыс шартына сәйкестігін тексеруге міндетті.

1.3. Старт алдында команда капитаны төрешіге команданың жарыс қашықтығында жұмыс жасауға дайын екендігін хабарлайды.

1.4. Қашықтықта жарысқа қатысушы қозғалысының басында сызықты кесіп өту, шектеулі этап немесе одан өзін-өзі сақтандырудан алып тастау сақталады.

1.5. Қашықтықта жұмыс істегенде сақтандыру құрал-жабдығының сапасы бұзылса, оны қолдануға тиым салынады.

1.6. Жарысқа қатысушының каскасы басынан түсіп кеткен жағдайда, қауіпті аймақтағы қозғалыс бұзылыс қашан дұрысталғанша тиым салынады.

1.7. Қауіпсіздікпен байланысты жарысқа қатысушының қимылының қателесу кезінде төреші:

- жарысқа қатысушының нөмірін атап, тоқтауға команда беруге;

- қателік сипатын хабарлауға және одан толықтай жоюға ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ;

- айыппұл жазуға міндетті.

1.8. Қауіпсіздікпен байланысты емес жарысқа қатысушының қимылының қателесу кезінде төреші:

- жарысқа қатысушының нөмірін атауға;

- қателік сипатын хабарлауға;

- айыппұл жазуға міндетті.

1.9. Жарысқа қатысушыға жарыс қашықтығы жағдайын өзгертуге тиым салынады.

1.10. Жарысқа қатысушының іс-қимылы осы ұсыным бойынша белгіленбейтін болса, онда олар қауіпсіздік көзқарасы бойынша қарастырылады.

1.11. Жарыс қашықтығының қауіпті аймағында құрал-жабдықтарды және бақылау жүгін оның сақтандыруынсыз лақтыруға рұқсат етілмейді.

1.12. Жарыс шарты бойынша ресми түсіндірмені бас төреші, қашықтықтың түрлері бойынша орынбасарлары және қашықтық басшылары береді.

2. ҚҰРАЛ - ЖАБДЫҚТАР

Туристік көпсайыс бойынша жарыстарда, ережеге сәйкес, дұрыс жағдайдағы стандарттық, мүмкіндігіне қарай сертификаты бар құрал-жабдықтар қолданылады. Сақтандыруды ұйымдастыруға арналған қашықтықта қолданылатын өздері жасаған барлық командалық құрал-жабдықтар, периланы тарту және перила бойынша қозғалу, жасалу сапасынан тәуелсіз, МЕСТ (мемлекеттік стандартқа) және техникалық құжаттарға сәйкес, сонымен қатар ТББ (техникалық бақылау бөлімі) актілерінің болуынан тәуелсіз, жарыс басталар алдында құрал-жабдықтар бойынша міндетті тәртіпте комиссияға ұсынылуы тиіс.

Сақтандыру құрал-жабдықтарына: жарысқа қатысушылардың жеке сақтандыру жүйесі, карабиндер, сақтандыру сегіздіктері және олардың аналогтары, жұмар түріндегі механикалық қысқыштар, кроль және т.б., блоктар, сақтандыру және перилалық арқандар, шың қармақтары және закладкілер, сақтандыру мұз тескіштері, және сақтандыру жүйесінде қолданылатын басқа да құрал-жабдықтар жатады.

Қорғану құрал-жабдықтарына: каска, сыртқы киім, күннен қорғайтын көзілдірік, аяқкиім және бахилдар, сақтандыру және жұмыс қолғаптары. Киім формалары жарысқа қатысушыларды қолайсыз климаттық жағдайлардан, табиғат және басқа да жағдайлардан барынша қорғауы тиіс.

2.1. АРҚАНДАР

2.1.1. Негізгі арқан – 1500 кг кем емес орнықты жүктемені көтеретін, диаметрі 10 мм кем емес орамымен синтетикалық материалдан жасалған арқан. Негізгі арқан сақтандыруды, өзін-өзі сақтандыруды, периланы және т.б. ұйымдастыруға арналған.

2.1.2. Көмекші арқан (репшнур) - 400 кг кем емес орнықты жүктемені көтеретін, диаметрі 6-9 мм кем емес орамымен синтетикалық материалдан жасалған арқан.

2.1.3. Арқандар орамы және ширатылымы бүлінбеуі тиіс, жұмыс бөлігіндегі тозған, үзілгелі тұрған, күйген, еріген, бояу, битум, шайыр ти-

ген және басқа да материалдармен орамдары бүлінген жерлері болмауы тиіс.

2.1.4. Арқандардың орнына тростар мен тоқыма баулар қолдану тіпті мықтылығы диаметрі 10 мм арқанға тең ұқсас түрдегі арқан болса да 3.1.1. п. бойынша рұқсат етілмейді.

2.1.5. Екі қабат арқан болып: қабатталған (яғни екі қабатталған) және барлық жүктелген кимада екі тарамы бар; екі бөлек арқандар.

2.1.6. Егер жұмыс істеу кезінде арқан бүлінсе (үзілсе және т.б.), оның қолданылуы тез арада тоқтатылуы тиіс. Команданың арқанның бүлінген бөлігіне байламның көмегімен тосқауыл қоюға немесе бүлінген бөлігін кесіп алып, қалған бөлігін қолдануға немесе оларды біріктіруіне болады.

2.1.7. Этаптан өту кезінде байламдарды киюға және тартылған неізгі арқанды кесуге рұқсат етілмейді.

Ескерту: ерекше жағдайда, егер команданың арқаннан өту кезіндегі бақылау уақыты бітсе және басқалай әдіспен құрал – жабдықтарын түсіре алмаса, этаптағы төрешілердің рұқсатымен, этапта арқанды кесуге рұқсат етіледі.

2.2. КАРАБИНДЕР

2.2.1. Карабиндер муфтасымен қолданылады:

- сақтандыру, күш беретін элементтерді және басқа да техникалық құрылымды және олардың бекітпелерін біріктіру үшін;

- үйкеліс элементі ретінде: динамикалық сақтандыру шынжырында; арқанмен түскенде (карабинді дюльфермен және УИАА байламымен); қатысушылардың және жүктердің арқанмен тежеліп түсуі кезінде;

- көлденең және еңкеу перилада және аспалы өткелдерде қатысушылардың өзін-өзі сақтандыру және іліну элементі сияқты;

- блоктың кейбір жағдайларында ауыстыру үшін;

- қатысушылардың арқанмен түсу (көтерілу) кезінде перила мен транспорттық арқанды ұйымдастыру үшін;

- сақтандыру пунктін ұйымдастыру үшін;

- блоктар мен полиспастан көмегімен арқан тартуды ұйымдастыру үшін;

- «зардап шегушіге» земблді және аспалы өткелдің периласына және транспорттық арқанмен көтерілуге (түсуге) қосу үшін.

Бақылау муфтасымен ілгешегі бар және оның

төзімділігін төмендететін ешқандай кемшілігі жоқ болат, алюмин және титан қорытпаларынан жасалған стандартты карабиндер қолданылады.

2.2.2. Карабиндер муфтасыз қолданылады:

- жүкпен және бақылау жүгімен жұмыс жасау үшін;

- жасанды тірек нүктелерін жасау үшін (баспалар, ілмектер);

- төмен түсуде жоғарғы сақтандырудың болуы;

- төменгі сақтандырудың аралық нүктелерінде, үлкен қиындықтағы шыңдарда, сонымен қатар қабырғадағы спорттық шыңға өрмелеуде, муфтаның болуы қатысушының қыймылын өте күшті қиындатқанда ілмекті тарту комбинациясы үшін (ілмекті тартуды қара);

- көмекші мақсаттар үшін, сақтандыру құрылымынан тыс, күшті және басқа да жауапты құрылымды қостау үшін.

2.2.3. Карабин әрқашанда жүктеме бағыты бойынша қатаң бағытталуы тиіс, жүк арқандарының ілмектері немесе түйіндері оның ең жоғарысында жатуы тиіс.

2.2.4. Тийым салынады:

- қолдан жасалған, монтаждалған және арқанмен жұмыс жасауға ыңғайластырылмаған (шеттері өткір және басқа да) карабиндерді қолдануға;

- бір линия бойынша бағытталмаған карабинге үш (және одан да көбірек күш салуға).

- карабинді муфтасыз қолдану арқылы аралық сақтандыру ілмегінде ілмексіз тартуға.

2.3. БЛОКТАР ЖӘНЕ ПОЛИСПАСТАР

2.3.1. Блок – қажалу кезінде белгілі бір шамадағы жоғалтуды азайтатын арқанмен жұмыс жасауға арналған техникалық құрылым. Блок дөңгелектен және карабинге бекітуге арналған құлақшалы екі бекітпеден тұрады. Тәуелсіз екі немесе үш айналмалы дөңгелекше блоктар қолданылады. Екі қабат арқанмен жұмыс істеу үшін үлкен дөңгелекті блок қолданылады. Техникалық жүйеде қозғалмайтын блок және қозғалатын блок болып бөледі. Қозғалмайтын және қозғалатын блоктар жүйесі қосындысы полиспастан деп аталатын жүйені құрайды.

2.3.2. Блоктардың диаметрі 8 мм ден және бекітпе қалыңдығы 2 мм ден кем емес болаттан немесе титаннан білігі болуы тиіс. Бекітпе материалы – болат немесе титан.

2.3.3. Блок білігі ажыратылуы немесе сіргеленуі тиіс.

2.3.4. Полиспастағы тегершіктердің жиынтық саны 4 данадан аспауы тиіс

2.3.5. Полиспастың жүктелген элементтерінің дәнекерлеу әдісімен қосылған деталдары болмауы тиіс, ашық қапсырма шегемен, ілгекпен бекітілген деталдары болмауы тиіс және т.б.

2.3.6. Полиспастар ды керу диаметрі 10 мм кем емес арқанмен жүзеге асырылуы тиіс.

2.3.7. Қолдары тегершіктің астына түсуін болдырмау үшін, аспалы өткел бойынша адамдардың қозғалысында қолданылатын блоктар мен арбалардың құрылымы болуы тиіс.

2.3.8. Периламен (көтерілуде және т.б.) қозғалу үшін блоктар мен арбаларды қолданғанда адамдар мынадай шарттарды сақтауы тиіс: құрылым қирағанда (тегершіктердің түсіп қалуы, бекітпелер, біліктері (осьтер) бұзылғанда және т.б.) қозғалып келе жатқан қатысушы стандарттық құралдар арқылы (карабин, арқан) перилаға қосылуы қалуы тиіс.

2.3.9. Қолдан жасалған блоктарды тек ерекше жағдайда ғана қолдануға болады. Олардың құрылымында: өткір шеттерімен жіптерді бүлдіру, сыналасуға, блокқа қатысушылардың қолын, шашын немесе киімдерін тартуға болмайды.

2.3.10. Полиспасте немесе басқа да күштірек жүйеде жұмыс істейтін блок 22000 кг кем емес жүкті көтеруге төзімді болуы тиіс. Төзімділігі аз блоктарды қолдануға тиым салынады.

2.3.11. Аспалы өткелде жекелеген қатысушылар мен жолқапшықтарды тасымалдауда блок 500 кг кем емес жүкті көтеруге төзімді болуы тиіс. Бір блокқа жалпы салмағы 100 кг аспайтын қатысушы немесе жүк ілінеді.

2.4. ТРАНСПОРТТЫҚ ЖЫЛЖЫМА

2.4.1. Транспорттық жылжыма қатысушылар мен жүктерді аспалы өткелмен тасымалдау үшін қолданылады. Жылжыманың екі тіркемелі транспорттық дөңгелегі және қатысушының немесе жүктің карабин салпыншағына бекітетін нүктесі болады.

2.4.2. Тұйықталған жылжыма түрі. Өткел арқанында жылжыма қатысушының немесе (жүктін) карабин салпыншағында тұйықталады және ағытыла алмайды. Тұйықталған стандартты жылжыма түрі өткелге қосымша карабинмен немесе қатысушының қысқа өзін-өзі

сақтандыруымен блоктала алмайды.

2.4.3. Ашық түрдегі жылжыма (лақтырмалы жылжыма). Бұндай жылжыма қатысушы үшін өткелде ілуге және одан ағытуға ыңғайлы. Бірақ жылжыма қатысушыны (жүкті) өткелде карабинмен немесе қысқа өзін-өзі сақтандырумен міндетті блоктауды талап етеді.

2.5. ЖЕКЕ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (ЖСЖ)

2.5.1. Туристік жарыстарда стандартты, тұтас немесе дара ЖСЖ қолданылады.

ЖСЖ төмендегілер кірістірілуі тиіс:

- тұтас: беседалық бөлік, жамбас ілмегінен және белдігінен және онымен құрлымдық тұтас-тай, кеуде бөлігі, иық тартпасы түрінен тұрады;
- дара: бөлек беседалық бөлігі және иық тартпасымен кеуде белдігі, негізгі арқан бөлігімен бірге блокталады.

2.5.2. Жүйенің алдыңғы бөлігінде, белдік деңгейінде, ЖСЖ-ң аспалы өткелде транспорттық карабинді, блокты немесе жылжыманы сақтандыру және түсу құрылғысын ілуге арналған нүктесі болуы тиіс. Осы құрылғыларды жүйенің кеуде нүктесіне ілуге тиым салынады.

2.5.3. Алдыңғы кеуде бөлігінде жүйенің динамикалық сақтандыру іліктіру нүктесі болуы тиіс, қатысушы сақтана жұлқынғанда аяқтарымен төменге айнала алатындай және негізгі жұлқыну беседалық бөлігіне түсуі тиіс.

2.5.4. Стандартты ЖСЖ басқа, жарыста қолдан жасалған ЖСЖ рұқсат етілуі мүмкін.

2.5.5. ЖСЖ құрылымына қойылатын талаптар УИАА сәйкес қосымшада келтірілген.

2.5.6. Тиым салынады:

- ЖСЖ элементтерін қосуға арналған карабиндерді қолдануға;

- ЖСЖ жасауға арналып қолданылатын материалдарды долбарлап бояуға;

- ЖСЖ басты элементтерін әртүрлі кесік және әртүрлі созылғыш қайыстардан жасауға;

- ескі, тозған немесе бүлінген ЖСЖ қолдануға;

- кеуде булині, беседалық ілмек және т.б. түріндегі арқан байламдарды қолдануға;

Сақтандыру жүйесінің қосымшасы (УИАА талдамасы (зерттемесі))

1. Кеуде байламының және беседаканың қайыс (лента) ені 40мм кем болмауы тиіс, қалыңдығы - 2мм кем емес. Байламның аспа бауының ені 28мм кем емес, қалыңдығы – 1,5мм кем емес. Қайыстар мен аспа баулардың тігілу ұзындығы

материалдың үш енін құрайды. Тігіс капрон жіппен істеледі. Жіптің түстері қайыстардан ерекшеленіп тұруы тиіс. Тігістің тігілу бағыты жүктеме бағытымен сәйкес келуі тиіс.

2. Құрылым жүйені өз бетімен киетіндей және шешетіндей болуы тиіс.

3. Ауырғанын сезінбей жайбарақат күйде 10 мин бос тартылып тұруын қамтамасыз ету. Бұнда жүктеме байлам мен беседка арасында тепе-тең бөлінуі тиіс. Сондықтан аяқ -қолдарын бос қимылдата алатындай мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуі тиіс. Жүйенің салпыншақ орны адамның кеудесінен төмен болмауы тиіс. Төменге басымен салбырап тұрған жағдайдан өз бетімен басымен жоғары қарап тұру жағдайына қайта келе алуы қажет. Бөлек жүйеде беседканы байламға байлау орны кеудеден жоғарырақ болуы тиіс. Кеуде байламы кеудені қолтықпен тығыз айналуы тиіс.

4. Жүйеде еркін салбырап тұрған уақытта омыртқа майыспауы тиіс.

5. Жүйенің жіптері адам денесінде із қалдырмауы тиіс. Олар қолтық астымен емес, бүйрек ауданында және аяқ арасында орналасуы тиіс.

6. Кез-келген жүктемеде жіптер адам денесіне параллель орналасуы тиіс.

7. Кеуде байламы 1600 кг жүкті көтеруі тиіс. Сонымен бірге ленталар мен тігістердің бүлінген жері болмауы тиіс. Сынау уақытында байлам 1 мин бойына жүкті көтеруі тиіс. Содан кейін сынақ қайталанатын – байлам осындай жүктемені көтеруі тиіс, бірақ 5 мин бойына. Егер бұл жүктемені байлам ілмегіне алмастырса, онда олар әрқайсысы 800 кг көтеруі тиіс.

8. Жүйенің иық аспа баулары жеткілікті төзімді болуы тиіс. UIAA талаптарына сәйкес, иық баулары біріншіден жүйеден құлаудың немесе жоғарыға аяғымен ілініп қалудың алдын алуға қызмет етеді.

9. Жүйені қосатын ілмекпен төмен түскенде үш жүктеме болады – үш адамның салмағы. Сондықтан олардың төзімділігі мүмкін болатын қысылтаяң жағдайларды ескергенде 1000 кг кем болмауы тиіс.

10. Төменгі температурадағы (-20°C және төмен) эксплуатация жағдайында байлам өзінің төзімділік көрсеткіштерін сақтауы тиіс. Температура -20°C ден төмендегенде мақта-мата лентасының төзімділігі төмендейді, капронның төзімділігі өзгеріссіз қалады.

11. Қажалған дәрежесін анықтау үшін, тігістердің қарама-қарсы түстері болуы тиіс.

12. Металл бөліктердің радиустық қисық жиегі 3мм кем емес (жіптің қалыңдығы 8мм кем емес) болуы тиіс.

13. Негізі кең белдік белбеу (лента) болатын сақтандыру жүйесін қолдану UIAA негізгі талаптарына сай емес, сонымен бірге бұл талаптарға терең беседкасы бар»Троль»жүйесі де сай емес, сондықтан бұл жүйелер сақтандыру элементі ретінде рұқсат етілмейді.

«Турист» ЖСЖ жасау бойынша ЦРИБ тұжырымдамалары

- егер жіптерсіз болатын болса;
- коуша қағидаты бойынша барлық шеткі ілмектер жасалуы тиіс;
- жіптер жігін тігуге ыңғайлы болу үшін ленталарды жағуға және тойтармалар қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады;
- дайын затты және бүкіл жүйені міндетті түрде тексеру.

Сақтандыру құрал-жабдықтарын дайындау үшін ленталарды таңдау кезінде туристер қолданатын синтетикалық материалдардың үзілу салмағы 17-24 кг/шаршы мм-ді құрайтындығын ескеру қажет, (шартты жағдайда материал шеберхана дан тыс жағдайда сырланса «материалды бояу тіпті 30 градус температурада болғанда да үзілу салмағы бастапқыдан 30-50% дейін төмендеуі мүмкін). Күш жүйесінің элементтерін әртүрлі қалыңдықтағы созылмалы лентадан тігуге жол берілмейді. Тігістер, әдетте машинада орындалады, бірақ қолмен де орындалуы мүмкін. Бұл ретте, тігісті бір жіппен қолдануға болмайды - тек қарсы (етікші) тігісі қолданылады.

2.6. ӨЗІН – ӨЗІ САҚТАНДЫРУ ЖӨСЖ (жеке өзін-өзі сақтандыру жүйесі)

2.6.1. ЖӨСЖ әдетте 10 мм кем емес негізгі және динамикалық жіптер қимасында орындалған бір немесе екі өзін - өзі сақтандырудан тұрады. ЖӨСЖ-е олар стандартты түйіндерге бекітіледі. Олардың жұмыс ұштары түйіндер арқылы карабин муфталарымен жабдықталады. Карабин бағыттаушыға оқшаулағыш таспамен, скочпен немесе басқа тәсілмен жұмыс жасау үшін ыңғайлы жағдайда тіркеледі. Өзін – өзі сақтандыру ұзындығы төмендегідей тәртіптегі жұмыс шарттарымен мөлшерленеді:

- қысқа – тұйықталған кезде қатысушы бекі-

тілген (перила, жумар және т.б.) жерге дейін еркін жететіндей және қолымен бекітілген нүктеден ұстай алатындай болуы тиіс

- ұзын – карбинмен бірге өзін-өзі сақтандыру ұзындығы 1,5-2 м құрайдыаспауы тиіс.

- кең жағдайда, өзен немесе арна, бөктері жұмыстарында, 40° артық емес құламада қолданылады;

- ұзындықты реттейтін өзін-өзі сақтандыру – ұзындық жұмыс шартына сәйкес өзгеруі мүмкін, бірақ 1,5-2 м аспауы тиіс. Оның ұзындығын реттеу ЖӨСЖ-ң алдыңғы бөлігінде бекітілген арнайы стандартты белгілейтін құрылғымен жүргізіледі;

- ЖӨСС беседканың алдыңғы бөлігіне бекітілген аспалы өткелде өзін-өзі сақтандыру аспалы сақтандыру карабині болып табылады; Блокқа іліну кезінде, қатысушы айналғанда, карабинде карабиндік тежегіш қысып қалуы болмауы тиіс.

- аспалы өткелге параллель сақтандыруда сақтандыру периласы ұзындығы өзін-өзі сақтандыруда периладан аспалы өткелге дейінгі қашықтық анықталады.

2.6.2. Тиым салынады:

- өзін-өзі сақтандыру үшін стандартты емес арқандарды, ленталарды, қабатталған репшнурды, негізгі арқан өрмелерін, металл арқандарды және т.б. пайдалануға;

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына өлкеміздің Тәуелсіздік алған жылдардағы қол жеткізген жетістіктері мен тарихи тұлғаларын таныту және мыңжылдық тарихы бар өлке туралы оқушылардың ой-танымын кеңейту.

Аннотация

Познакомить учащихся общеобразовательных школ с историческими личностями, а также с достижениями нашего края за годы независимости, расширить кругозор учащихся о крае с тысячелетней историей. Автор знакомит читателей с работами победителей областного конкурса. При подготовке к конкурсу участники дополнили свои знания об исторических личностях и достижениях своего края за годы независимости.

Кілт сөздері: Маңғыстаунама, «Мен таныған тұлға», туған өлке, эссе.

Еліміздің тәуелсіздік алған жылдардағы қол жеткізген жетістіктері мен тарихи тұлғаларын таныту мақсатында, 9 желтоқсан күні Мұнайлы ауданы, №10 жалпы білім беретін мектеп базасында білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында облыстық «Маңғыстаунама-2021» танымдық шарасы өткізілді. Танымдық шараға білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушыларынан 70-тей адам қатысты.

Байқау ережесіне сәйкес отыз жыл ішінде мектеп бітіріп, еліне танылып келе жатқан азаматтар туралы «Мен таныған тұлға» тақырыбында эссе жазудан, өздері тұратын ауыл, қалалардағы тәуелсіздік жылдарында іске қосылған нысандар мен ауыл, қала маңындағы табиғаттың көрікті жерлері туралы «Кел біздің ауылға!» таныстыру бейнеролигінен және «Маңғыстауым – мекенім» ән номинацияларынан тұрды.

Байқауға келушілер үшін мектептің музейі, жылыжайы және ұлы тұлғаларға арналған кабинеттері мен алаңдарына экскурсия ұйымдастырылды.

Төменде эссе жазу номинациясынан жүлделі орын алған оқушылардың еңбектері көпшілік назарына ұсынылады.

«Маңғыстаунама-2021» облыстық танымдық байқауы



МЕН ТАНЫҒАН ТҰЛҒА



Шүкірбай Аружан,
Түпқараған ауданы,
Ақшұқыр мектеп лицейінің
11 сынып оқушысы

Эссе тақырыбы мені көп ойға қалдырды? Тұлға деп қандай адамдарға баға береміз? Тұлға тек танымал адамдар болуы шарт па? Мен танитын қандай тұлғалар бар? Ойыма кім түсті деп ойлайсыз?

«Жүрген соң бауырында күнде көріп, таулардың биіктігі байқалмайды» деген өлең жолдары есіме түскені... «Жанымда жүр жақсы адам», «Жақын әулиенің қадірі жоқ», - деп жатады халқымыз, айналадағы қарапайым еңбек адамдары туралы ойға қалдым...

Мен танитын тұлғалардың кім екенін білесіздер ме?

Ерте, ерте, ертеде,
Отырарда, біздің іңкәр өлкеде,
Иық бұрмай тек білімнен басқаға,
Қатар өсті екі бірдей жас бала.

Қатар жүріп сан өнерге машықты,
Бірге оқыды,
Бірге ойнады асықты.

Өйткені олар дарынды еді керемет, - деп ақын М.Шаханов жырлағандай, бала шақтан болашаққа бірге асып келе жатқан қос дарын, қос ұстаздарым туралы ойландым...

Бастауыштан дараланған қос шәкірт, орта буынға келгенде білімдері айқындала бастады. 5-сыныпта оқып жүріп, «Есептерді шешудің тиімді жолдары» тақырыбымен республикалық «Зерде» ғылыми жобасына қатысып, алдыңғы орынға ие болып, ғалымдарды таңқалдырғанды. Бұл сайыс бұлардың болашағына ашылған жол болды. Диас Ахмеджан математика биігін бағындырса, Данияр Жаңабай физика саласындағы сайыстың жеңімпазы болды. Үздіксіз 5-сыныптан мектеп бітіргенше пәндік олимпиаданың жүлдегері атанған қос дарын аралықтарда да жеңістерден құр қалмады. Математикалық облыстық, республикалық сайыстардың жеңімпазы Диас ағай 2015 жылы халықаралық «Туймаада» олимпиадасына қатысты.

Ал, Данияр ағай ше? Облыстық, республикалық физика пәнінің олимпиада, түрлі сайыстарын бағындырса, халықаралық турнир «Физика әлемі» байқауының жүлдегері атанғанды. Жасынан бірі математика жаратылысына қызығып, сол ғылымды бағындырса, бірі физика әлеміне жол тартты. Қос дарын қосыла жүріп мектепті де жоғары ұпаймен «Алтын белгіге» бітіріп, мектеп тарихында қалды.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең», - дейді дана халқымыз. Арманыңа жету үшін мақсатың болу керек деп те жатады. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік», - деген даналардың сөзін ұстанған дарындар өздері сүйген пәннің ұстаздары болуды арман етті. Армандарына жетті де... Бұл күнде өздері түлеген мектептің математика мен физика пәндерінің мұғалімі. «Жас та болса, бас болып» алдыңғы лекте жүрген жас мамандар. Аз жылдық тәжірибесі болса да, қоржындары қомақты. Студенттік жылдарында да республикалық университеттер арасындағы сайыстардан алдан көрінген олар еңбек жолдарында да біршама биіктерді бағындырды. Атап айтар болсақ, Диас ағай 2019-2020 жылдары математика мұғалімдерінің арасындағы «Математикалық регата» сайысында облыста үздік танылып, III орын иеленсе, 2021 жылы «Математикалық прогрессия» жарысынан I орын алды. Жаңалыққа жаны құштар Диас ағай «Ғарыштық лифт-өнертабыстың жаңа

технологиялары» тақырыбын оқушысымен бірге зерттеп республикадан I орын алды.

Физика әлемін сүйген Данияр ағайымыз да бұл күнде мектеп өмірінің ұйытқысы. Ол дайындаған шәкірттер екі жыл қатарынан президенттік олимпиада да жетістіктерге қол жеткізді. Сыныптан тыс уақытта оқушыларға «Шахмат», «Тоғыз құмалақ» ойындарын үйретіп, жеңіске жетуі де Данияр ағайымыздың тағы бір қырын айқындағандай. Екеуі де олимпиадаға бала дайындаудың машығын меңгерген мұғалімдер. Аудан, облыс көлеміндегі олимпиадалық есептерге шақырылып жүрген ағайларымызбен біз мақтанамыз.

Мүмкін танымал дерсіз... Мүмкін танымал емес те шығар? Осы бір тақырыпқа тапсырма берілгенде мен жанымызда жүрген ағайларым туралы ой толғауды мақсат еттім. Бізге қазір Диас ағай математика пәнінен сабақ береді. Біз ол кісінің жас болса да, білімінің тереңдігіне тәнті болып отырамыз. Бала жасынан сүйген пәндерін ары қарай шәкірттерінің бойына дарытуға арнап жүрген ағайларымды мақтан тұтамын. Болашақта танымал тұлға боларларына да сенімім мол.

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,

Үлкен бақыт табу үшін ғаламда.

Үлкен болып қалу үшін ғаламда,

Үлкен арман керек екен адамға, - деген ақын өлеңі де бүгінгі менің ойыммен үндесіп жатқандай. «Естілердің сөзін ескеріп, есті болуды» ұстанып жүрген ұлы ұстаздарымның ісі бізге үлгі. Менің де ұстаз болсам деген арманыма қанат байлағандай. «Ақын болу міндет емес, азамат болу – парызың», - демекші қоғам қайраткері болуды емес, «Адамдық борышың, халқыңа қызмет қыл», - деген Шәкәрім атамызша, адамдықты биік қойсақ.

Түрік ақыны Назым Хикмет:

Мен жанбасам лапылдап,

Сен жанбасаң лапылдап,

Біз жанбасақ лапылдап,

Аспан қалай ашылмақ?!- деген екен. «Жанам деген жүрекке от беріп жүрген» ұстаздарымды ұлықтау- ұстанымым.



Кәдір Толғанай,
Маңғыстау ауданы
Тұрар Жалғасбайұлы
атындағы
Шайыр мектебінің IX сынып
оқушысы

Тұлға деген кім? Менің түсі-

нігімдегі тұлға – елі үшін қызмет еткен, халықтың сый-құрметіне бөленген жан. Бүгінгі қоғамға тұлғалар қажет пе? Әрине, қажет. Тұлға болмаса, өркениетті өмір де болмас еді. Оған қоса сапалы білімі, еселі еңбегі, өнікті өнімі де болмақ емес. Сондай-ақ тұлға болмаса, ғылым мен мәдениетте, өндірісте бәсекелестік те болмайды.

Ауылымыздың дамуында айтарлықтай үлесі бар мен таныған тұлғалар кімдер? Жеңіл атлетика жүлдегері Әмин Тұяқов, медицина ғылымының кандидаты Молдақасым Өтебеков, есімі республикаға танылған ақындарымыз Қыдырбай Тұрмағанбетов, Ғалым Әріпов, Ерекен Қорабаев, сазгер Сағынғали Нұрғожаев, Талғат Атшыбаев, іргелі кәсіпорын, өндірістік мекеме ұжымдарының басшылары дәрежесіне дейін көтерілген Айбек Қосуақов, Самат Мұсабаев, Иса Бимырзаев, Әділхан Есболов, Аман Сандыбаев, Мырзабек Жұбауов, Асылбек Жұмалиев, Төремұрат Көбенов, Бердіғали Сүгіров секілді тұлғаларымызды қалайша мақтанышпен айтпаймын?!

Жүрмеген қызыл сөзбен, жалаң үнмен,
Өмірі өткен толқын өр ағынмен.

Қайда да қолтаңбасы сайрап жатыр,

Айқасқан қилы кезең «бораныңмен», - деп Әзірбайжан Қонарбаев айтқандай, Маңғыстау ауданында дүниеге келген, ауыл-аймағы шексіз ризалықпен, нұрлы ертеңінен мол үміт күте қарайтын, облысымыздың азаматының бірі Айбек Қосуақов жайлы ой толғап көрейін.

1992 жылы Шайыр орта мектебін бітірген Айбек ағаның есею, даму жылдары тәуелсіздікпен тұспа-тұс келді. 1997 жылы Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетін «мұнай және газ ұнғыларын бұрғылау» және 2013 жылы Д.А.Қонаев атындағы Көлік және құқық Гуманитарлық университетін «экономика» мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 1997 жылы «ҚаражанбасМұнай» акционерлік қоғамында оператор болып бастаған. 2001–2004 жылдары жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. 2004-2006 жылдар аралығында «Жазық» акционерлік қоғамының атқарушы директоры болған.

2007 жылдан «Таушық ауыл шаруашылығы» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің басқарма төрағасы қызметін атқарған. 2012-2016 жылдары V сайланған Түпқараған аудандық мәслихатының депутаты болды. Қазіргі таңда Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының әкімі қызметін атқарып келеді.

Әр адам болашағының іргетасы отбасында қалыптасады деп ойлаймын. Айбек Қосуақов әкесі салған сара жолды жалғастыру әрі

жаңғыртуды, атақ-даңқына дақ түсірмеуді мақсат етті. Әкенің адамды өзіне тарта білетін, сөзіне назар салып, тыңдата білетін сөзуарлығы Айбек ағаның да бойына дарыған. Қашан көрсен де, жанарынан шуақ шашып жүреді, жаңалыққа жаны құмар. «Жақсы адамның ашуы шай орамал кепкенше» деп дана халқымыз айтпақшы, Айбек ағаның ренжігені көктемнің көбік қарындай еріп кететіндігін замандастары сөз қылады. Ағамыздың адамгершілігін, еңбекқорлығын, бауырмалдығын, иманды іс-әрекетін барлық ауылдастары әркез айтып отырады.

Шаруашылықтың шым-шытырық қиындығынан қорықпай, жетістіктерге жете білді. Айбек ағаның сөйлесіп отырғанда жан жүрегін, ішкі сезімін айнаға түсіргендей, түгел көріп отырғандай ерекше сезімталдығы тағы бар. Өзгелерге қандай талап қойса, өзі одан артығын жасайтын қасиетімен өзгелерге үлгі болды.

Тұлға өзімен ғана емес, елімен, халқымен тұлға. Оған өзін ғана өсіру, өзін ғана қамтамасыз ету аз. Ол елін, халқын ойлайды, аяғынан тік тұрғызуға тырысады. Бұл тұрғыда Айбек аға өзге ауданда қызмет етсе де, ауылын әсте есінен шығармаған. Ол ауыл балаларына арнап спорт мектебінің, футбол алаңының, ауылдық имандылық үйінің ашылуына атсалысты. «Артында мал қалғанша, тал қалсын» демекші, ауылды көркейту үшін тал отырғызу жұмыстарында да бастамашы болды. Ауылға ең үлкен сыйы деп «Мың сан шырақты Шайыр» шежірелі кітабын шығарудағы еңбегін атар едім. Бұл кітап Шайырдың әр тұрғыны төрінен орын алған. Жақсының жақсы істерін айттып, неге мақтанбасқа, неге мерейленбеске...

Айбек аға – аудан, облыс көлемінде танылған тұлғалардың бірі. Келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай сабырлылығымен әрі ақылдылығымен мол табыстарға, жетістіктерге жеткен. Ел басқару ісіне де араласып, елеулі істер атқарған. Еліміздің дамуына да зор үлес қосуда.

Қорыта келгенде, тұлға қоғамда өзінің ерекше орны бар, ерекше дарын иесі дер едім. Айбек аға да өзінің білімімен, күш-жігерімен ауылымызды көркейту жолында аянбай тер төгуде. Иә, өмірде өнеге тұтар осындай жақсы адамдар алыста емес, нақ қасымызда жүр. Сол кісілердің салған сара жолын жалғап, халық үшін аянбай еңбек ету – әрбір жастың міндеті. Біздер, жас буын, алдыңғы буын ағалардан үлгі аламыз. Соларға ұқсауға тырысамыз.

Санаулы жылдардан кейін мен де мектеп бітіремін. Бойымдағы бар білімімді халқыма арнағым келеді. Ауылымның мақтанышына айналған

Айбек аға сияқты ел алғысына бөленсем деймін.



Жолдыбай Ақниет,
Жаңаөзен қаласы
№13 Дарын мектеп-лицейі
8 «ә» сыныбы оқушысы

Кез келген мемлекет өзінің болашағының өміршеңдігін өскелең ұрпағымен, жастарымен байланыстырады. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, армандарын жүзеге асыруға ерік-жігері мықты жастардың уақыты. Сондай жастың бірі – Бақтықожа Орыспаев.

27 жастағы Бақтықожа мүмкіндігі шектеулі жандардың қатарында болса да, заманының ағымынан, елдің тыныс-тіршілігінен ажырамаған жеке кәсіпкер. «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзі өзектілігін әлі де жойған жоқ. Ахмет атамыз айтқан жолдан айнымай келе жатқан параолимпиадасы кәсіпкер Тәуелсіздік жылдарында есейген Жаңаөзеннің тумасы. Оқыс оқиға кезінде аяғынан айырылған, бірақ сағы сынбаған Бақтықожа қазіргі таңда гүл сату орталығы «Бизнес букеттін» иесі. Осы салада алты жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол бұл кәсіпте сұраныс мол екенін байқап, Еуропада арнайы курстарға қатысып, білімін жетілдіріп келді. Табанды азамат мүгедектікке төленетін 28 000 теңге жәрдемақысын жинап, 2015 жылы Жаңаөзен қаласында гүл сататын дүкенін ашты. Оның дүкені қазіргі таңда Жаңаөзен мен Ақтау тұрғындарының әртүрлі қуанышына сеп болып жүр. Қалада гүл саудасында бәсекелестік артып, сапаның жоғарлағанын байқаймыз. Жаңаөзен қаласында кемшін тартып тұрған гүл саласына жаңа леп әкелген Бақтықожаның қайсарлығы үлгі боларлықтай. Жастай кәсібін дөңгелетіп, қаланың көптеген қоғамдық шараларынан қалыс қалмай, өз үлесін қосып келеді. Жас та болса, бас болып, өңірдің экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуына үлесін қосып, елдің тыныс-тіршілігіне көмегін тигізгені үшін 2019 жылы небары 25 жасында Бақтықожа «Жыл кәсіпкері» атанды. 20 шақты адамды жұмыспен қамтып, оларға жалақы төлеп, елдегі жұмыссыздыққа септігін тиігізіп келе жатыр. Тек қана гүл сату саласында ғана емес, жас кәсіпкер ел намысын қорғайтын Параолимпиада ойындарына Қазақстан атынан

волейболды отырып ойнау бойынша қатысып, 2013 жылы қола жүлдегер атанды. Сол жылы «Жыл спортшысы» атағын иеленді. Араға төрт жыл салып, чемпион атанып, ел намысын абыроймен қорғады. «Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар азаматы бөлек» деген ата-бабамыз бекер айтпағаны осындай жандардың өмірінен көрінеді.

Біздің қоғамға қазіргі таңда ерік-жігер жетіспей тұрғандай. Өмірдің қиындығына морт сынатандар да жоқ емес. Десек те, жастығын босқа жұмсамай, «тамағы тоқтық, жұмыс жоқтыққа» салынбай үлгі болып келе жатқан Бақтықожа Қыдырқожаұлының өмірі өзінен кейінгі іні-қарындастарына өнеге болып қалары сөзсіз. Бізге стимул беретін, тайсалмайтын қайсар жандар әрқашан да керек-ақ.



Ержан Шұғыла,
Қарақия ауданы
№8 жалпы білім беретін
мектебінің
11 сынып оқушысы

Ес біліп, есейе келе жан-жағыңа бағамдай қарап, болмыс кейпін алдына темірқазық ететіндей тұлға іздей бастайсың екен. Өйткені, қазір – ақпарат тасқынының уақыты, барлығын тезге салып, сүзгіден өткізудің өзіне іргелі білім керек. Осындайда, буыны енді бекіп келе жатқан жас өркенге әкелік, ағалық, үлкендік камқорлықпен жөн сілтеп, жол көрсетсе игі. Бірі оны туғанынан, енді бірі жақынынан көрсе, енді бірі кітапқа түскен халық даналығынан іздейді, тағы бірі қоғамда елеулі қабырғалы іс-әрекет атқарып, алқалы әлеуметтен абыройлы орын алған адамдардың сөзіне қарап, өзіндік бағыт таппақ. Сондай үлгі етер аға-апаларымыз да өз мектебімізден түлеп ұшып, қазірде қоғамның түрлі салаларында қызмет етуде.

Солардың бірегейі, мен таныған тұлға - Тимур Бектұрды жазғанды жөн көрдім. Мектебімізден түлеп ұшқан, бүгінде ақпараттық технология саласының майталман маманына айналып, көпшілікке аты жаттанды естілгенімен, заты түсініксіздеу болған саланың бар құпиясын қарапайым тілмен, қазақша таратып жүрген азаматтың тұлғасы тек ауылдастарына ғана емес, күллі қазақ балаларына үлгі болса керек. Жетібай аулында туып-өсіп, ауыл мектебінен білім алған ағаның жолына қарап, бүгін де оны қоғам қайраткері деп тануға әбден болар еді.

Оны өзгеден айқындайтын үш қыры бар: бірінші – мінезі, екінші – білімі, үшінші – әлеуметтік жүгі. Асықпай таратып көрейін. Тимур аға – көпке ашық адам, сондықтан оны көптеген сұхбаттан, жиындардан көруге болады. Қимыл қозғалысынан, сөйлеу мәнерінен сыртқа әрдайым көрініп тұратын қарапайымдылығы терең білімі мен биік мәдениетіне қызықтырмай қоймайды. Ақпараттық кәсіпке өзгелерден ерте қадам басқан ол алғашқы ұстанымы ретінде барлық өнімді өз ұлтының тілінде ұсынуды жөн көрген. Өйткені, ауыл баласының алғашқы кедергісі тіл мәселесі екенін ол өте жақсы түсініп тұр.

Негізі, бүгін эссені тұлғаны тану үшін мінезіне, ұстанымдарына арнаса да Тимур аға жайлы айтар сөз жетер еді. Десе де, ағаның біздің мақтанышымыз еткен тұсы білімі мен еңбекқорлығы екенін айтпасқа болмас. Бірнеше тілді қатар меңгеріп, IT саласының жаңалықтарын түпнұсқа күйінде қазақ тілінде жеткізетіні оның шеберлігінің көрінісі емес пе? Шетелдің мықты мекемесінен шақырту алып, бес жыл бойы тәжірибе жинап, ел үшін жеке қызметке кетуге бір күнде шешім шығаруы да оның өзіне деген сенімділігі мен жігерін көрсетеді. Облыс орталығынан ашылған Timur academy онлайн-офлайн оқу орталығы жастарға бағыт-бағдар беріп жетелеп, сұранысқа ие ағылшын тілі, бухгалтерия, робот техникасы сияқты тағы да басқа салалардан білімдерін шыңдады. «Алтын кездік қын түбінде жатпайды» дегендей, жоғарыдан қайта-қайта түскен ұсыныстар мен шақыртулардың нәтижесінде Тимур Бектұр бүгінде елордада қызмет етіп, салалық білімге сауаттандыруға арналған жұмыстарының сапасын одан әрі арттыра түскен.

«Timur academy» – ол мықты әлеуметтік жоба, өсем-өнем деген, болам-толам деген ынталы жастардың ордасына айналған мекен. Тимур ағаның кез келген сұхбатын ашып қарасақ, шетелдің мен деген мықты адамдарына сілтеме бере отырып, бүгінде ақыға сатылып жүрген білімдерді тегін-ақ таратып отырғанын көреміз. Тимур ағаның көптің көңілінен шыққан «EduNavigator.kz» жобасы тағы бар. Бұл – оқушыларға арналған мамандық таңдау және өмірлік қызығушылықтарды анықтау сервисі. Тестілеу арқылы балалардың жеке қабілеті мен дағдыларын, сәйкес келетін машықтарды анықтайды. Ойлап қараңызшы, қаншама адам өмірде мамандық таңдаудан жаңылысып, ісін орта жолдан тастап кетеді, қаншама грант күйеді, сүйікті ісі болмаса да, амалсыз атқаруға мәжбүр?

Тимурдың жобасы адамның адаспай жолын тауып, ерте бастан өз бағытына түсуіне жол ашады. «Ел біздікі, біз істемегенде, кім істейді? Біз бірікпесек, кім бірігеді?» деп жанашырлық танытады. Жанам деген жүрекке от береді, оқимын деген шәкіртке құнарлы білім береді, сұраған жанға бағыт көрсетіп, кеңесін беруден тағы шаршамайды.

Бойы кіші болса да, ойы биік, кеудесі шағын болса да, жүрегі кең азамат өскен мектепте оқитыным, сол жүрген жерлерді басып жүргенімнің өзі мотивация мен жауапкершілікті маған қатар асатындай. Қырық жасқа келгенше қалауынан танбай, бүгінде Бостон университетінің «Бизнес-аналитика» мамандығына «Болашақ» грантын иемденіп, АҚШ-ына аттанғалы жүрген ағамыздан қазаққа келер ендігі пайданы ойласам, кеудемде мақтаныш, жарқын болашаққа үлкен үміт және мықты шабыт қатар ойнайды. Сөзімнің соңында Тимурдай түлекті ұшырған мектепте оқып, тәлім-тәрбие алғанымды мақтанышпен айтамын.



Елеусіз Манас,
Жаңаөзен өаласы,
«Білім-Инновация»
лицей-интернатының
10 сынып оқушысы

Дүйім жұртқа жырдың туы, ардың туы – өлең екенін ұғындырып, кешегі арынды Абылдың, адуынды Ақтанның, дүлдүл Қашағанның жолын қуған абыз ақын, мен таныған тұлға – С.Нұржан. Мен оның тұлғалық болмысын сүйем.

Мен таныған тұлға – Дарын мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының Т.Айбергенов атындағы, Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, ҚР Президентінің әдебиет саласындағы Президент степендиаты және «Құрмет» орденінің иегері. Тіпті, кеше ғана Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының «Жұлдыздардың жұпары» поэзиялық кітабы үшін халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты атанған алып тұлғаның алдында бала жүрегіммен басымды ием.

Тұлға болмысын тануым, біріншіден, жыр бұлағынан қанып ішіп, ақындықты өнеге ұстануым болар. Мектебімізде ашылған С.Нұржан атындағы оқу кабинетінің жетекшісі Күләш апайымның зерттеу қадамындағы ізденіс жұмыстары әдебиет әлеміне мені тарта түскендей. Қала берді, ақынмен кездесу сәтіндегі

ұлағатты сөздері санама ізгілік дәнін сепкендей:

Ақын деген кім, қалай қалыптасады? - деген сұраққа, жай ғана

Жан телі дерт меңдеген

Діл құс алып бидауа

Қара түнде қаңғыған

Ақын да бір диуана, -деп қоя берді. Сұрақ ары қарай жалғасып, Кімді іздейсіз? – деген сәтте «Бөрілер бір-бірінің ізімен жүреді екен. Сол айтқандай, көкжал бабаларымның іздері – менің іздеген ізім» – деп, жауап берген болатын.

Ақынды диуаналық кейіпке салса да, жыр бұлағынан қанып ішер жанға өткенді саралап, тарихты парақтап, аңызбен өріп, түркі әлемінің құнды мұраларын да қалдырмай, өлең құдіретінің бастау бұлағы етіп, жырға қосады. Ақын кейде табиғаттың тылсым күштерімен сырласып, лириканың «мен» жүйесіндегі поэтикалық сипатты түсіндіруге барын салады. Бұл ақынның көне абыздар сияқты пәлсапалық ерекшелігі ғана емес, ақынның «көркемдік әлем» деп аталатын көкжиегінің кеңдігін көрсетіп тұрғандай. Мысалы ақын өзінің «Ай қазасы» өлеңінде :

Қаза болды ай бүгін көз алдымда

Гүл шомылды ақырғы тозаң нұрға

Айдың әр тал сәулесін шыққа жерлеп

Аят оқып мен қалдым бозаң қырда

Әрине, айдың туып, келесі кезеңге өтуі табиғи құбылыс. Ақын оны өзінше пайымдайды. «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деген қазақы ұғымды түрлендіріп, ақындық қиялмен аллегорияға айналдырады. Тіпті, адам ретінде аза тұтып жерлеп жатқандай.

Ақынды тұлға ретінде танудағы екінші ерекшелік, қазіргі жастарға «Қырық хикмет» арқылы Алланың Хақ жолын ұғындырып, Яссауи бабамнан қалған мұраларды санада қайта жаңғыртуы:

Құл Қожа Ахмет, өзіңе қыл насихатты,
Халықты айтып, өзіңді ұмытып, басың қатты
Тауың – ауыр, қылмысың – зор, тасың – қатты
Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам! –деп,
Адалдықтың, имандылықтың бойда
қалыптасуын аударма арқылы терең жеткізеді. Ақын кездесуге келген сәтінде де: Жігіттің бойында үш қасиет болуы керек: бірінші – иманың, екінші – намысың, үшінші – туған жеріңді қызғыштай қоры – деген болатын.

Кейде тіпті, ақынның кешкі тәмсілдерін қойын дәптеріме жазып, өзімше ой түйем «Қазіргі жүректердің қылын Хақтың нұры емес, құрсақтың қиы ғана қозғайды» деп, қоғамдағы келеңсіз жайттардың алдын алуға бағыт-бағдар береді. Заманның тозығын көрсетпей, адалдық әлемінде адам деген қасиетті ұғымның қадіріне жет, - деп, ерекше пайымдаулар жасайды.

Өз басым, ақынның жырларын жатқа оқып, ақын ойларымен бөлісіп, ақын кабинетінің жанына келіп, мектебіме жаңа қадам басқан ізбасарларыма ақын мұрасын насихаттаймын. Ақын Айт-Ман ағамша айтсам: «Құдай Тағала адамзатты Ұлтына деген махаббатының өлшемімен ғана бағалайды» деген. Светқали ақынның еліміздің алдында атқарып жүрген істерін біз сияқты жас буындар білмеуі де мүмкін, осы кездесулерден кейін оның әлеуметтік желілердегі ұлықтап келе жатқан тұлғалары, азаматтық ойлары мен көзқарастары мені қызықтырып бастады. Ақынның міндеті елінің бүгінгі мен болашағына алаңдауынан, бұрынғысын аршып алудан тұрады деп ойлаймын. Ұлылық айнасы, азаматтық тұлғасы, Айтман сөзі менің де балалық жүрегімнің кілтін тапқандай. Тек арманым биік белесті, осындай ұлы идеяларды бағындырса ғой, шіркін!...





Сарсенгалиев Ф.С.

Педагог-мастер
ОЦДЮТиЭ,
магистр истории,
г. Уральск, ЗКО.

Творческое саморазвитие педагогов в учреждениях дополнительного образования (Творческое эссе)



Ученик - это не сосуд, который надо наполнить, а факел, который надо зажечь. А зажечь факел может лишь тот, кто сам горит.

Плутарх

Аннотация

В статье автор отражает и делится своим опытом работы в областном центре детско-юношеского туризма и экологии. Предлагает практические советы педагогам дополнительного образования.

Аңдатпа

Мақалада автор ОБЖТжЭО-ның арнайы қосымша білім беру мекемесіндегі жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, әдістемелік жұмысы жинақталып, қосымша білім беру педагогтеріне практикалық кеңестер берілген.

Ключевые слова: творческое саморазвитие, «Год детей», эффективность работы, самообразование, развития личности.

В учреждениях дополнительного образования должны работать творческие личности, ведь работа с детьми – это труд, развитие самого себя и развитие в воспитаннике (кружковце) творческого потенциала и таланта. И развить талант в каждом воспитаннике должен уметь каждый педагог, работающий в специализированных учреждениях дополнительного образования.

Творческое саморазвитие педагогов работающих в учреждениях дополнительного образования обусловлено сложной, динамичной системой базовых ценностно-смысловых ориентаций. Ведь оно включает гуманно-нравственные ценности, стремление к личностному и профессиональному саморазвитию, обучению новым стратегиям поведения, стремление к максимальной творческой реализации в учебной, воспитательной и внеурочной деятельности, ценности ориентации на творчество, социальные ценности.

Отмечу, что в Казахстане 2022год предлагает объявить «Годом детей», что несомненно даст новый виток государственной поддержки учреждениям дополнительного образования.

Одним из условий повышения качества работы учреждений дополнительного образования является дифференцированное оказание помощи педагогам на основе диагностики их профессионального уровня. Задачей учебно-методического и воспитательного отдела является – оказание помощи конкретному педагогу в решении тех проблем, которые вызывают у него затруднение или являются предметом его интересов. Однако эффективность работы в конечном итоге определяется самостоятельной работой педагога, его самообразованием и саморазвитием. Постоянная работа педагога над совершенствованием своего развития важна в силу специфики педагогической деятельности, направленной на развитие и воспитание ребёнка. Педагогу не обойтись без серьёзных знаний педагогических и психологических основ обучения и воспитания, без всесторонней информированности и компетентности в выдвигаемых жизнью и профессиональной деятельностью вопросах. Только путём самообразования и творческих поисков педагог придёт к своему мастерству. Именно поэтому постоянное стремление к само-

совершенствованию должно стать потребностью каждого педагога учреждения дополнительного образования.

Самообразование – это целенаправленная работа педагога по расширению и углублению своих теоретических знаний, совершенствованию имеющихся и приобретению новых профессиональных навыков и умений в свете современных требований педагогической и психологической наук. Педагог должен в течении учебного года или другого периода времени углублённо заниматься проблемой, решение которой вызывает определённые затруднения или которая является предметом его особого интереса.

Самообразование педагога учреждения дополнительного образования многогранно и многопланово. Основными направлениями в системе самообразования педагогов могут быть:

- Ознакомление с новыми нормативными документами по вопросам обучения и воспитания;
- Изучение учебной и научно-методической литературы;
- Ознакомление с новыми достижениями педагогики, детской и подростковой психологии;
- Изучение новых программ и педагогических технологий;
- Ознакомление с передовой практикой учреждений дополнительного образования;
- Повышение общекультурного уровня.

Реализуя дифференцированный подход в определении ведущих направлений профессионального развития педагогов, можно порекомендовать следующую тематику самообразования соответственно опыту и педагогическому стажу.

Для молодых специалистов:

- Осознание ценностей личностно-ориентированной модели воспитания, обучения и развития;
- Формирование основ педагогического мастерства;
- Развитие умений и конструктивных способностей.

Для педагогов, работающих свыше 5 лет:

- Овладение способами проектирования воспитательно-образовательного процесса с целью повышения его эффективности и качества в условиях вариативного образования;
- Формирование умения анализировать научно-методическую литературу, применение полученных знаний на практике, активизация творческих способностей.

Для опытных, творчески-работающих педагогов:

- Развитие способностей к перепроектирова-

нию собственной деятельности в контексте тенденций развития психолого-педагогической науки и социального заказа общества;

- Проявление творческого потенциала педагога;
- Пропаганда своих достижений;
- Развитие исследовательской деятельности.

Для молодых специалистов без специального образования:

- Овладение методикой работы с детьми оказавшимися в трудной жизненной ситуации;
- Адаптация к педагогической деятельности.

Тематикой самообразования также может быть:

- одна из годовых задач специализированного учреждения дополнительного образования;
- проблема, которая вызывает у педагога затруднение;
- пополнение знаний по уже имеющемуся опыту;

Успешность педагога в профессиональном самообразовании напрямую зависит от поддержки и помощи учебно-методического отдела или заместителя директора по воспитательной работе учреждения дополнительного образования.

Тема самообразования должна выбираться педагогом с учетом того, с какой категорией он работает и что он считает важным в своей работе. Тогда работа будет намного плодотворнее, интереснее и эффективнее. Самообразование не должно сводиться к ведению тетрадей, написанию докладов и оформлению красочных папок и стендов. Правильно организованная работа по самообразованию и саморазвитию должна стать стимулом как для повышения профессионального мастерства педагога, так и для развития его личности.

Не надо таить свои достижения в работе, ведь обмен опытом всегда дает положительный результат. Поэтому нужно делиться своим материалом с коллегами. Ведь вспомните себя в первый день на работе в специализированных учреждениях. Вы как – будто пришли в первый класс, вы не знаете с чего вам начинать. Вот с чего начинал свою работу я.

1. Наставничество. Важно понимать, что придя на новую работу человек должен адаптироваться, и здесь должны сыграть традиции учреждения дополнительного образования.

2. Оформление документации. Педагог планируя свою деятельность учитывает всю специфику своего отдела и направления, в котором он работает.

3. Работа со школой. Педагог заключает договор со школами города на ведение образовательных услуг дополнительного образования.

Важен уровень коммуникации педагога в работе с коллективом школы(директор, завучи, классный руководитель), в котором работает специалист кружковой работы.

4. Практическая работа на турбазах Евразия, Самал. На взгляд автора необходимо уделять большое внимание практической работе, т.е. занятия на природе, благо ресурсы ОЦДЮТиЭ позволяют это делать.

5. Однодневные и многодневные походы. Значимость такой работы очень трудно переоценить! В походах есть все, что нужно для развития личности, и этим все сказано! Обращусь к словам руководителя ОЦДЮТиЭ (1986-2019гг) к.п.н., Фомина В.П - «сводите ребенка в поход, и вы увидите его преобразование!!!»

6. Научно-исследовательская работа. Сюда входит повышение квалификации, курсов, участие в конференциях, а также публикации в журнале «Соқпақ-Тропинка».

7. Творческая работа. Работая и развиваясь в канве реалий современного общества, человек может заниматься любимым делом и получать от этого материальное и духовное удовлетворение.

Так участвуя в волонтерском экологическом движении, автор приобщился к грантовой политике в сфере экологии, и получил средства для приобретения велосипедов, с целью выездов на очистку рек и водоемов области.

8. Корпоративная культура. Человек живет в социуме, он проникается идеями и интересами организации в которой он работает. И тут конечно же стоит сказать о профкоме, об мероприятиях, которые идут весь календарный год, Несомненно, это на авторский взгляд имеет большое значение в жизни коллектива и специалиста.

Работая в активном творческом поиске, педагог осваивает эффективные технологии обучения, воспитания, развития творческих способностей учащихся, экспериментирует и исследует, стремится повысить результаты своего труда, а такой характер деятельности предполагает творческую свободу и комфортные условия образовательной среды.

Создание комфортной образовательной среды творческого саморазвития педагога способствует творческой самореализации, физическому и духовному развитию учителя и учащихся.



Ақтөбе қалалық жас туристер стансасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай өткізілген Ақтөбе облыстық жасанды шыңға өрмелеуден облыстық ашық біріншілігі

Спорт – денсаулық кепілі. Қазіргі таңда салауатты өмір салтын ұстанатын адам спорттың кез келген түрімен айналыса алады. Солардың ішінде табиғи немесе жасанды шыңға өрмелеу белсенді демалыстың ерекше әдісі болып саналады. Денсаулыққа пайдалы бұл дене шынықтыру тәсілі альпинизмнің жеке бір түрі ретінде дамыды. Бүгінде спорттың жеке түріне айналды. Тау шыңына өрмелеу – физикалық дене күшін қажет ететін, адамға өз денесіне иелік студі үйрететін және кеңістіктегі ақыл-ойын дамытатын қызықты спорт түрі. Жартаққа, жасанды шыңға өрмелеудің көмегімен сіз бір мезгілде бұлшық еттерді, жүрек-тамыр жүйесін жаттықтыра аласыз, тепе-теңдікті, икемділікті дамытуға, сондай-ақ қозғалыстарды үйлестіруді жақсартуға болады.

Қарапайым адамға қорқынышты көрінетін шыңға өрмелеу спортының да сол саламен тұрақты түрде айналысатын өз жанкүйерлері бар. Олардың бұл спорт түрін жақсы көретіндері соншалықты, оны табиғат аясындағы демалыстың төресі, уақытты сапалы түрде пайдалану деп санайды. Ал кәсіби спортшылар үшін бұл қауіп-қатерге толы спорт түрі – биіктікті бағындыруға ұмтылған өмірлік мақсаттың айқын жолы.

Қазіргі таңда жасөспірімдер өздері үшін қызық болған спорт түрін таңдайды. Мінеки, осы салаға қызығушылық танытқан әрбір жас буынға мүмкіндік беретін Ақтөбе қаласындағы жас туристер стансасында үйірме жұмыстары да өз қызметін атқаруда. Стансамызда «жасанды

шыңға өрмелеу» арқылы аталған спорттық әдіс-тәсілдерін үйреніп, қорқынышқа бой алдырмай, шынайы тау шыңдарын бағындырар алдындағы дайындықтарға қатысып, жаттығады.

Осы саланы ары қарай дамыту мақсатымен Ақтөбе қалалық жас туристер стансасы облыс көлемінде жыл сайын жасанды шыңға өрмелеуден ашық біріншіліктер дәстүрлі түрде өткізіп тұрады. Атап айтар болсақ, күні кеше 2021 жылдың 30 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы, Ақтөбе қаласының «Әдістемелік кабинеті» КММ және «Қалалық жас туристер стансасының» ұйымдастыруымен облыстық ашық біріншілігі өтті. Жарыстың негізгі мақсаты - балалар мен жасөспірімдер арасындағы салауатты өмір салтын насихаттай отырып, облысымызда шыңға өрмелеуді дамыту, тәжірибе алмасу және техникаларын арттыру болып табылады. Бұл жарысқа облыс аумағы бойынша Мұғалжар, Байғанин, Хромтау, Мартук, Алға аудандарынан және қала мектептерінен 120 оқушы қатысып, жеке түрде ұлдар және қыздар арасында жас ерекшеліктерімен А тобы (2005-2006), В тобы (2007-2008), С тобы (2009-2010) бойынша бақ сынасты. Сондай-ақ, жарыс барысында оқушылар шыңға өрмелеу бағыттарында белгіленген межені тез жетіп, ереже бойынша бағындыруды меңгеру кезіндегі бәсекелестік қабілеттері арқылы жоғары нәтижеге жетті.





ЖАРЫС НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША:

2005-2006 ұлдар:

- 1-орын – Багижанов Дияз (№60 ЖББОМ)
- 2-орын – Амангелдиев Қайыржан (№60 ЖББОМ)
- 3-орын – Мукамоллов Никита (Мартук ауданы)
- 3-орын – Айжанов Алишер (Хромтау)

2005-2006 қыздар:

- 1-орын – Салимгореева Азиза (№65 ЖББОМ)
- 2-орын – Әйіп Жаннұр (ҚЖТС)
- 3-орын – Кәдірбаева Нұрай (Байғанин)

2007-2008 ұлдар:

- 1-орын – Орақ Әділет (№8 ОМ)
- 2-орын – Даулетбаев Нурасыл (Мартук ауданы)
- 3-орын – Тұрғанбаев Әлібек (NIS)
- 3-орын – Ерсұлтан Жәнібек (ҚЖТС)

2007-2008 қыздар:

- 1-орын– Новикова Авигея (№60 ЖББОМ)
- 2-орын– Шуиншалина Малика (NIS)
- 3-орын– Ильина Арина (Мартук)
- 3-орын– Реш Ақжан (NIS)

2009-2010 ұлдар:

- 1-орын– Жауғаштин Нұртілек (Бағанин ауданы)
- 2-орын – Журунтаев Алтынбек (Мартук ауданы)
- 3-орын – Нұрлан Арнат (№1 ОМ)
- 3-орын – Утегенов Мирас (NIS)

2009-2010 қыздар:

- 1-орын – Табынбаева Ақдария (№8 ОМ)
- 2-орын – Тажгулова Даяна (Мартук ауданы)
- 3-орын – Салимгореева Айым (№65 ЖББОМ)
- 3-орын – Хакимова Аяна (Мартук ауданы)

Жүлделі орындарға ие болды. Барлық жеңімпаздар «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО мен Ақтөбе қаласының «Әдістемелік кабинеті» КММ-нің дипломдарымен және медальдарымен марапатталды.

Тау шыңына өрмелеудегі басты мақсат - табиғи не жасанды тау шыңын бағындыру. Көптеген басқа спорт түрлерінен айырмашылығы, құзға өрмелеуде шығармашылық, табиғи бағдар өте айқын, бала өз ерік-жігерін шектемейді. Балалар көбінесе маршрутты өздері таңдайды, шешім қабылдауға үйренеді.



Тани жүр! Знай нашх!



**АККАЛИЕВ КУАНЫШ
ИЗИМГАЛИЕВИЧ**

Ақжайық аудандық БЖТжЭО-да директордың ОТЖ орынбасары (2006-2019), туризм бөлімінің меңгеруші болып қажырлы еңбек етуде. Мәскеу ХБЖТжӨА профессоры, ҚР «Еңбек сіңірген туризм нұсқаушысы», «Орал өңірінде балалар туризмін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Ж.Молдағалиев атындағы» төсбелгілердің иегері, I дәрежелі жаяу және спелио, I-II дәрежелі шаңғы, I-III дәрежелі су және тау жорықтардың жетекшісі, Облыстық «Хрустальды шоқыр» жүлдесінің және «Үздік туристік маршрут» байқауының «Үздік тау жорығы» номинациялары бойынша Гран-при иегері, ҚР су туризмінен Құтқару сайысында ҚР чемпионы.

Құрметті Куаныш Изимғалиевич!

Сізді мерейлі 65 жасыңызбен құттықтаймыз! Жас ұрпақты тәрбиелеуге саналы ғұмырыңызды арнап, ұстаздарға үлгі бола білдіңіз. Сіз тәрбие-леген шәкірттер облыс, республика бойынша білікті де білімді мамандар боп өмірге қанат қақты. Әріптестер алдында беделді, ел алдында сыйлысыз.

Сізге алдағы уақытта темірдей денсаулық, сарқылмастай өмір дастан, бақытты отбасылық ғұмыр тілейміз!

**Игі тілекпен, редакция алқасы және
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология орталығының ұжымы**



**СУЛЕЙМЕНОВА САРБИНАЗ
ХАМИДОВНА**

БҚО Шыңғырлау АБЖТжЭО туризм бөлімінің меңгерушісі,
**Халықаралық ғылыми педагогикалық білімді
дамыту Академиясының «Мәртебелі педагог»
төсбелгісінің және
VI-шы облыстық
«Хрустальды шоқыр-2021» жүлдесінің
Гран при иегері,
«Шұғыла» аудандық газетінің штаттан тыс
тілшісі, облыстық туристік жарыстардың белсенді
қатысушы-жеңімпазы,
ҚРБЖҒМ-нің «Қосымша білім беру жүйесіндегі
100 танымал есім» кітабына есімі енген турист.**



- **Вы любите свое дело?**
- **Планируете повысить свою педагогическую категорию?**
- **Хотите пополнить педагогическую копилку и распространить педагогический опыт?**

Тогда вам на помощь придет Республиканский научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка»!

В журнале на протяжении 16 лет публикуются труды ученых и педагогов Казахстана, а также ближнего и дальнего зарубежья в области туристско-краеведческой и экологической деятельности.

Подписной индекс: 75184, 25184 АО «Казпочта», АО «Евразия Пресс»;

Стоимость подписки (на полгода): индивидуальная-3000 тг, ведомственная-3600 тг; 1 шт-1000 тг;

Обложка на цветной глянцевой бумаге, 64 страницы, выходит раз в 2 месяца, количество выходов в год: 6;

Свидетельство о регистрации: № 4482-Ж - 1 декабря 2003 года Министерство информации Республики Казахстан;

Темы: «Актуальные вопросы», «Методология», «Туризм», «Краеведение», «Экология», «Геология», «Спортивное ориентирование», «Педагогическая практика (занятия)»;

Требования к статье: не менее 5 страниц, аннотация на 2 языках (казахский, русский), ключевые слова, фотографии автора и необходимых для статьи форматов JPEG, список использованной литературы, квитанция о подписке на издание; Распространитель/типография: ГККП «Областной центр детско-юношеского туризма и экологии Управления образования акимата Западно-Казахстанской области»;

Адрес: г.Уральск, ул. Исатай батыра 71/1, тел/факс (8-7112) 52-59-42, E-mail: evrasia_centre@mail.ru;

Телефон редактора: 8 707 873 59 31. Кайрлиева Куралай Жауынбаевна

